



**САН ҚУАЛАУ
САПАНЫ
ТҰҚЫРТАДЫ**

2-бет



**БАЛА
ҚҰҚЫҒЫ
ТУРАЛЫ
КОНВЕНЦИЯ**

4-бет



**ҰРЫС
БОЛҒАН
ЖЕРДЕ
ЫРЫС
ТҰРМАЙДЫ**

6-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№91 (3622) 1 желтоқсан 2023

ҚҰРМЕТ

ЖАҚСЫ ҰСТАЗ - ЕКІНШІ ӘКЕҢДЕЙ

Қазақстандық сот тәуелсіздік жылдарында дамудың даңғыл жолынан өтті. Осы жылдар ішінде іргелі өзгерістерді басынан кешіріп, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Азаматтардың құқықтық қарым-қатынасын сапалы шешуге ықпал ететін маңызды заңдар қабылданып, ел игілігіне қызмет ететін талай ілкімді жобалар жүзеге асырылды. Үнемі ізденіс үстінде болып, жағымды жаңалықтардың күретамамына айналған сот саласының бүгінгідей биікке жетуіне судьялардың қосқан үлесі ұшан-теңіз. Осы қатарда сот жұмысын жандандыруға бар күш-жігерін жұмсаған, саналы ғұмырын құрылымның дамуына арнаған Сарыбай Құрманбай ағамыздың орны бөлек.

Сарыбай Құрманбай ағамыздың есімі Сыр елінің халқына жақсы таныс. Тәуелсіздік жылдары еңбек еткен судьялардың ерекше жауаптылық арқалағаны мәлім. Өйткені, енді егеменді ел атанып, еңсесін тіктеген Қазақстанның сот саласын қалыптастыру, ілгерілету оңай шаруа емес еді. Осы бір сындарлы кезеңде мемлекеттік құрылымның басқа салалары секілді, сот саласы да талай қиындықты басынан кешірді. Бұл тұста отандық сотты жаңа биікке көтереміз деген жалаң мұрат, жалпылама мақсаттан басқа, судьялар мен сот мамандарында сапалы қызмет етуге қажетті құралдардың бірі де жоқ еді. Ескі ғимараттар, қағаз-қаламның жетіспеуі, ескі көлік еңсені басатын. Алайда, судьялар сондай күрмеуі қиын тұста да босаңсымады, өздері қызмет еткен саланың беделін көтеріп, абыройын еселеу жолында тынымсыз еңбек етті. Бүгінгі сот құрылымының тынысын ашып, тұғырын тіктеген де – осы судьялар еді. Міне, осы тұста Сыр елінің сот алаңында тынымсыз еңбек етіп, тура төреліктің үлгісін көрсеткен қазының бірі – Сарыбай Құрманбай ағамыз болатын.

Дана бабаларымыз «Жақсы ұстаз – екінші әкеңдей» дегенді бекер айтпаған.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІЛЕРГЕ МҮСІРКЕУ ЕМЕС, МҮМКІНДІК ҚАЖЕТ



Желтоқсанның 3-інде әлем елдері Халықаралық мүгедектер күнін атап өтеді. Онда мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты заңнамалық және практикалық тәжірибелер талқыланып, жетістіктер мен олқылықтарды түзеу мәселесі де сөз болады. Бұл бағыттағы жұмыстың маңыздылығын Мемлекет басшысы назардан тыс қалдырған емес.

МӘСЕЛЕ

ЕСТАЙЛАР ЕСТІ БОЛСА, ҚОРЛАНДАР ҚОРЛАНБАЙДЫ!

Қазекен, «Қызға қырық үйден тыйым», – дейді. Тұран даланың тұрғындары қыз арын – ұлт абыройымен тең көрген. Расында да, қызы текті халықтың болашағы кемел болатынын тарих беттерінен байқау қиын емес. Асылында, ұланғайыр атырапты найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалған ата-бабаларымыздың жалғыз мұраты – «Қызым күң, ұлым құл болмасын. Тегі тапталмасын, ары төгілмесін» деген мақсат еді.

Қалай айтсақ та, қыз ғұмыры – қастерлі, ұлт болашағы – маңызды. Дейтұрғанмен, осы тұста жасөспірімдер тәрбиесіне қатысты көп олқылықтың шеті қылтияды. Статистика «Қазақстанда соңғы үш жылдықта ертежүктілік жағдайы 51 пайызға көбейді», – дейді. Мәселен, түсік жасатқан жас қыздар мен жүктілікті жасанды тоқтатуға жүгінгендер үлесі 12 айда шамамен 1,1-1,2 мыңға жеткен. Ойға «Елімнің Естайлары есті болса, қазақтың Қорландары қорланбайды» деген сөз орала береді. Таяқтың екі ұшы бар екендігі секілді, бұл түйткілге есі кеткен ер баланың да, қылығы әшкерә болған қыздың да қатысы бар.

2022 жылы Қазақстанда 403,9 мың нәресте дүние есігін ашқан. Оның 55,9 пайызын 25-

35 жас аралығындағы аналар өмірге әкелген. Өкінішке қарай, 13,2 мыңы 20 жасқа толмаған жас аналарға тиесілі, көбі некесіз. Осы тұста қазақтың ақыны Ақұштап Бақтыгерееваның, «Ерте өскен гүлден қорқамын, аяға ұрынады-ау деп, мезгілсіз жұлынады-ау деп» келетін өлең жолдары еске орала береді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мамандары «Ерте жүктілікте түсік жасатуға байланысты бедеуліктен бастап экламписия мен шала туу қаупінің жоғарылауына дейін бірқатар медициналық асқынулар бар», – дейді. Биологиялық жетіліп болмаған жас құрсақтың болашағы бұлыңғыр. Босану уақытында жас ананың өміріне де қауіп төнетіні белгілі. Не істемек керек? Қазақстанда арнайы заң жобасы жасалды. Әлгі құжатта

2030 жылға қарай жыныстық және репродуктивті денсаулық қызметтеріне жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету көзделген. Әр өңірлердегі облыстық денсаулық сақтау басқармаларында кез келген жас медициналық көмек пен психологиялық қолдауды еркін алу керек. Нәтижесінде, ҚР Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы атаулы бағыт бойынша қызмет көрсететін 118 мамандандырылған орталықты анықтады. Олардың 67-сі ауылдарда жұмыс істейді. Жұмыс өз нәтижелілігін көрсеткен. 2022 жылы 728,6 мың жас қазақстандық орталық қызметін тұтынған. Олардың 39,4% 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер. Тең жартысына жете жығылған бұл қайдағы жасөспірімдер дейсіз ғой? «Басқа түссе баспақшыл» деп, жыныстық өмірге ерте қадам басып қойып, амалының салдары мен зиянын білгілері келіп жүрген жастар. Мұндайда отбасы институтындағы жеңгелер мен жезделер нәтижелі жұмыс жасайтын еді бұрын. Жыныстық сауаттылықты қызға жеңге, ұлға жезде үйретіп, отбасылық өмірге дайындаған да жөн бе дейсіз. Дұрыс білім алған жасөспірім теориялық білімнің арқасында, практикада көп қиындыққа ұшырамайды. Астын сызып айтар болсақ, ол кездегі білім беру методикасы жалпыдан жалқыға еді. Қазір, жеке балапстың жайын жалпыға ортақ орталарда талқылап жүріп және содан опық жеп отырғанда жеңге мен жездені аңсайсың.

Статистика мың әйелге шаққандағы жасөспірімдердің туу көрсеткішін жариялады. Ауылдық елді мекендерде мыңның 25,9 пайызы,

қалада 15,3 пайызы өмірге бала әкелген. Бұл республика көлеміндегі ортақ есеп. Жамбыл, Маңғыстау облыстарында коэффициент 35-тен, ал, Түркістан облысында 30-дан асып жығылады. Статистика «әйелдер» дейді, олардың қаншасы жасөспірім екені белгісіз, алайда 18-ге толмағандар арасындағы жүктілік жайын айтар болсақ, бұл да тым үлкен көрсеткіш секілді. Мамандардың, «ауыл және қала» деп сандарды сөйлетіп отырғаны бекер емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ерте жүктілікке халықтың білім деңгейі мен экономикалық әлеуетінің төмендігі себепкер дейді. Сарапшылар, «Халықтың аз қамтылған топтары контрацептивтерге қол жеткізу мәселесіне тап болса, екіншіден, шағын елді мекендерде кәметелетке толмағандар стигмаға ұшырайды және контрацептивтерді әрқашан еркін сатып ала алмайды», деген пікірде.

Сайып келгенде, санасына берсін деуден аса алмаймыз. Осы тұста таяқтың екі ұшын тағы теңегіміз келеді. Мәселе – жігіттер қауымы. Жауапкершілік жайын қыз балаларға ғана жүктеп қойып, жігіттерге жайбарақаттық танытқан қаншалықты ақиқатқа саяды? Тындар құлақ болса, айтарға ауыз бар. Бір қаракөздің ғұмырын талқан қылып, тағы бір жаудіркезді жетім жасағанда, не табады жігіттер? Ұлы сөзді ұяттан асырып айтқанда, әйел байғұс құлға аунап бала таппайтыны – ақиқат. Тарқата сөйлесек қоғамның тағы бір түйткілді мәселесі – жігіттердің рухани ұсақталып бара жатқаны. Жігіт болайықшы, мігіт емес...

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ЖАҚСЫ ҰСТАЗ – ЕКІНШІ ӘКЕНДЕЙ

(Соңы.
Басы 1-бетте)

Сарыбай ағамызды да біз қызметтегі қамқор аға, жол көрсетер ұстазымыз ретінде ерекше қадірлейміз. Біз секілді талай іні-қарындасына тура жолды нұсқап, ұстаздық жасаудан жалықпаған Сарыбай ағамыз Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, Алтынтөбе ауылының тумасы. «Туған жерге туынды тік» деген ұстаныммен өмір сүрген аяулы ағамыз 1977 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде заңгер мамандығын алған соң үлкен шаһарда қалғысы келмей, бірден Қызылордаға оралған екен. Осылайша еңбекке бел шеше араласқан жас маман алғашқы қызметін облыстық атқару комитетінің юстиция бөлімінде аға консультант болудан бастайды. Әріптесіміздің көпшілігі тыңдай білетін сабырлылығы, өзінен көмек күткендерге беретін зиялы жауабы әкімдіктегі осы алғашқы қызметінде қалыптасса керек. Себебі, әкімдіктің жұмысы еш уақытта саябырсымайды.

Бұл ортаға келген азаматтардың да жайдан-жай жүрмейтіні түсінікті. Өз мәселесін шешу үшін небір жанкештілікке, аярлыққа баратын азаматтардың тілін тауып, тілегін орындау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал Сарыбай ағамыз осындай күрделі ортада да халық көңілінен шығып, сенімге ие болды. Соның арқасында жұмысын жай консультант болудан бастаған жас маман аз ғана уақытта көпшілік ықыласына ие болып, Қаза-лы аудандық сотының халық судьясы лауазымын иеленген еді. Одан кейін әріптесіміз әр жылдары Жаңақорған аудандық сотының төрағасы, Қызылорда облыстық Әділет басқармасы бастығының орынбасары, Қызылорда облыстық сотының судьясы қызметтерін атқарды. 2005–2008 жылдар аралығында Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы болып, жаңа соттың жұмысын жандандырған ағамыз зейнетке шыққанға дейін осы сотта тынымсыз қызмет етті.

Жаңа мамандандырылған соттар тәжірибеге енгізілген кезде халықта үміттен гөрі күдік басым болатын. Соған орай жаңа соттарды алға сүйреу тәжірибелі, білікті, ізденімпаз судьяларға жүктелді. Осы ретте Қызылорда қалалық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағалығына таңдау Сарыбай Құрманбай ағамызға түсуі тегін емес. Бұл жауапты қызметке Сарыбай ағамыз жаңалықтан қорықпайтын, қателіктен сескенбейтін тәуекелшіл, білімі мен білігі жоғары болғандықтан көп ішінен таңдалғаны талассыз. Жаңа соттың халық талабына сай қызмет етуінде ағамыздың қолтаңбасы анық байқалады. Әріптесіміз «Жақсылық қылсаң халыққа, бір қайырымын аларсың. Жамандық қылсаң халыққа, жапанда жалғыз қаларсың» деген ұстаныммен өмір сүрген, қызмет қылған адам.

Жаңа соттың алғашқы төрағасы өзіне жүктелген іске жауаптылықпен қарап, мамандандырылған соттың көшін алға сүйреуге күш салды. Әділдігімен, тура төрелігімен көпке үлгі бола білді. Ғұмырының отыз жылын төрелік алаңында өткізген Сарыбай ағамыз зейнетке шыққаннан кейін де саладан қол үзіп кеткен жоқ. Өзі басы-қасында жүріп жұмысын жүйелеген мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың тыныс-тіршілігін бақылап, жақсылығына сүйініп, кемшілігін түзеуге атсалысты. Қоғамдық жұмыстардан да шет қалмаған әріптесіміз түрлі жиындарға арнайы келіп, өз пікірімен бөлісуде белсенді еді. Сонымен қатар, ойы озық, тіл байлығы мол, пайымы терең Сарыбай ағамызды бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері де жиі сұхбатқа шақырып, ой-пікірін жоғары бағалайтын.

Көзден кетсе де, көңілден кетпей жүрген ардақты ағамыздың терең білімі, кәсіби қызметі, жайдары мінезі, айналасына қамқорлығы әлі де жадымызда жаңғырып тұр. «Ер еңбегімен бағалы» демекші, ұстаз ағамыздың сотқа сіңірген еңбегі елеусіз қалмады. Талай Алғыс хат, марапат пен төсбелгінің, медальдың иегері атанды. Соның арасында сот төрелігін жүзеге асырудағы табыстары, судьялар қауымдастығын нығайтудағы белсенді қызметі және сот қызметін ұйымдастыру мен жетілдірудегі елеулі еңбегі үшін алған «Үш би» құрмет белгісінің орны айрықша.

Кейінгі буынға жақсы ұстаз болып, әкелік қамқорлығын аямаған Сарыбай Құрманбай ағамыздың үлгілі ісі, өнегелі қызметі ешқашан ұмытылмайды. Қызылорда облыстық сотының беделі осындай білікті судьялардың есімінен биік, еңбегімен бағалы.

Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының ұжымы

Қоғам мен адам бөлінбес егіз ұғым, тұтас түсінік екені тағы бар. Бір адамның қателігі мен күйзелісін бар отбасының күйреуі деген ұғым болмауы қажет. Құқық қорғау саласының жұмысын Кеңес кезеңінен бері сапмен таразылау қалыптасқан. Сан қуалаушылық сапаны тұқыртып, кері шегеруге апаратын құбылыс.

САН ҚУАЛАУ САПАНЫ ТҰҚЫРТАДЫ

Жалпы, тәртіп туралы сөз қозғағанда ең алдымен тәртіпке шақырушы еске түседі. Тәртіпке бағынушы мәселесі соңынан қозғалатыны ежелгі әдет. Халық қалыптан шықпайын делік. Ол бір тыныш қана жағаға ұмтылған теңіз іспеттес тіршілік иесі. Қылмыстық жағдайды толқындататын – әлеуметтік мәселе мен саяси сипат. Ықылым заманнан бері халық пен тәртіп сақшысы арасында әйтеуір алшақтық бар. Оның себебі мен салдары неден деген сауалға кесіп айту қиын. Менің ұғымымша, кейбір азаматтар тәртіп сақшысын құбыжық етіп көрсетуге машықтанып алған.

Баяғыда бала күнімізде үлкендер тезге көне қоймасақ «ойбай, әне Сатыбай келе жатыр» деп қорқытатын. Расымен оның аты естілгенде «бесіктегі бала да» демін ішіне тартатын. Біздің санамызда Сатыбай «әзірейілдей, жаналғыштай» елес беретін. Сатыбай дегеніміз Сарыжаз ауылында 1979–1988 жылдары учаскелік милиция уәкілі болған адам. Рас қатал болды, бірақ қатты

кеткенін естімедік. «Тәртіп бәріне ортақ» принципін алға тартатын сол кісіні біреулер көзінше мақтағанымен, сыртынан мазақтап жүрді. Пенделігі болса болар. Алайда, тәртіпті өз меншігім деп түсінетіндер аз адамын түсінуге келгенде тіксінетін қалып танытады.

Қоғамда да солай, формалы адам мен жай азаматтар арасында әйтеуір бір өткел, ор бар сыңайлы. Жасырып жабары жоқ, тәрбие тал бесіктен демекші, халық өзіне қалқан болар ұлдарын бұғанасы қатпай тәрбиеге идіруі тиіс. Кезінде әскерден соң бос сабылып жүрген ұлды ата-анасы «екі қолға бір күрек» ұғыммен «құр жүргенше милицияға тұра салсайшы, кейін шыға саласың...» деп көндіретін. Рас, Кеңес уақытынан бері кадр мәселесі шешілмей келеді. Әскерден келген соқталдай жігіттер милицияға тұрған соң қарапайым азаматтарға азу көрсете бастайды. Әлімжеттік пен билікқұмарлыққа иін қандырған ұрпақ бүгінгідей уақытта қайтқан беделді қайтарып алуға көп күш салуда. Кадр мәселе-

сінің қиындығы сол, бұрынғы сақа мамандардың зейнет демалысына кетуіне немесе мерзімінен бұрын қызметтен қол үзуіне, сондай-ақ жас қызметкерлердің қалыптасуына, шыңдалуына жете көңіл бөлінбейді. Әйтеуір нан тауып жесем болды деп қызметке тұра салғандар қиын сәттерде тауы шағылып қалатыны жасырын емес.

Халық пен полиция арасындағы

ауыр қақтығыс «Шаңырақта» тіркелгені мәлім. Түрлі көзқарастағы ұйымдар мен топтар тартқан негізсіз пікірлер тағы да халық алдындағы полиция беделіне нұқсан келтірді. Халық арасындағы бұзақы қылмыстық топ өз міндетін атқаруға келген жас қызметкерді айуандықпен өлтірді. Ол жүгенсіз жүйенің құрбанына айналды. Осыдан соң полиция қарапайым жұрттан секем алып, керісінше полицияға халықтың кегі тұтана бастағандай еді. Билік мұны бір жөнге салуға құлшынды. Ол қаншалықты нәтижелі болғаны беймәлім. Күшпен халықты басып ұстау заманы келмеске кеткені анық. Өткен күндер қателігі келер күндерге ашы сабақ болса, кәні... Халық айтса қалып айтпайды. «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деуінің сыры дәл осы құқық қорғаушылар мен жұртшылыққа арналғандай.

Заң қоғам мен қоршаған ортаның тұрақтылығын қамтамасыз ететін тетік. Сол тұрғыда анық құралдары қуатты жұмыс істеп, жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға ықпал ете алғанда ғана тәртіп орнығып, құқықбұзушылық айылын тарта түсеріне кәміл сенуге болады.

Өткен жылға өкпе айтуға болмас. Табыс болса келер күнге азық. Қателік болса, алдағы уақытқа ашы сабақ. Конфуций ілімінде қытайларға: «Сен бір ғасырда бір қадам алға жылжысаң, ол үлкен жетістік» деген екен. Артымызға қарамай, алға қарай асығыс аттап, соңымызға тарихқа сор болатындай сорақылықтарды қалдырмауымыз қажет.

Арман ЖУСАНБАЙ, IIO зейнеткері



РЕЙТИНГТІҢ МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып танылу, қатарынан қара үзіп шығу қашанда маңызды. Өйткені, өзіңді дәлелдеу, жеңіске ұмтылу – табиғи заңдылық. Қазір әлем бойынша үздіктерді анықтайтын көптеген рейтингтер бар. Соның ішінде үздік жоғары оқу орындарын анықтауға барлық ел барынша ыждағатпен қарайды. Өйткені, білім саласының өзі тазалықпен, адалдықпен үндес. Әрі білім – бүгінгідей табиғи байлыққа емес, адамның озық ойына қызығушылық артқан заманда басты орында тұрғаны талассыз.

Міне, сондықтан да өркениетті елдердің өзі озық оқу орындарын анықтаудың негізгі өлшемдерін бірге белгілеп, осы рейтингте тек шынайы жүйріктің көш бастауына мүдделілік танытады. Ал әлемдік рейтингтерге ілініп қана қоймай, мықтылар қатарынан табылған білім ошақтарының бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

ҚазҰУ – Қазақстанның жоғары оқу орны. 2024 жылы 90 жылдығын атап өткелі отырған қара шаңырақ тек елімізде ғана емес, дүние жүзінде үлкен танымалдыққа ие. Оның беделінің артып, атының белгілі болуына түрлі рейтингтердің көмегі көп екенін айта кеткеніміз жөн. Рейтинг – мықтылар тартысқа түсетін жарыс. Оған еңбек жетістіктерінен қысылмайтын, оқу нәтижелерінен ұялмайтын ұжымдар қатысады. Мәселен, біздің

университет Орталық Азия өңірінде «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» артықшылығын алған бірден бір жоғары оқу орны. Сондай-ақ, Webometrics Ranking of World Universities халықаралық рейтингінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бүкіл әлемнің отыз мыңнан астам жоғары оқу орындары арасында 1816 орынды иемденді. Әрі осы рейтингте Қазақстан жоғары оқу орындарының арасында екінші орын алды, сол арқылы озық отандық университеттер сайтының үштігіне енді.

Бұдан бөлек, ҚазҰУ алғаш рет Азия аймағы жоғары оқу орындарының QS рейтингінде енгізіліп, 44-орынды алды. Ал «QS Asia University Rankings 2023 Орталық Азия»: рейтингінде 1-орын алып, Орталық Азияның бірінші жоғары оқу орны болып танылған университет жетістігіне тек оқытушылар ғана емес, студенттердің де үлес қосқанын ерекше атап өткен жөн. Міне, осындай беделді оқу орнында дәріс беріп жүргенімізді біз де мақтан етеміз.

Роза ЕРЕЖЕПҚЫЗЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

Мемлекет атынан қызмет атқарып, ел игілігіне жұмыс жасайтындықтан мемлекеттік қызметшілердің құзыреті кең. Сонымен бірге, бұл қызметті таңдаған азамат өзіне жоғары міндеттер мен талаптар жүктелетінін түсінуі керек. Өйткені, мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы.

Мемлекеттік қызметкер қай салада еңбек етсе де заңдарды жетік білуі, заңдылықты сақтауы міндет. Соның ішінде әр қызметкер жұмыс барысында ел Конституциясынан

бастап, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң мен Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің басшылыққа алуы тиіс. Өзінің сыпайы қарым-қатынасы, әдепті қылығы арқылы мемлекеттік қызметші өзгелерге үлгі көрсетуі шарт.

Әрбір елдің басты нышаны – мемлекеттік рәміздері. Осы қатарда мемлекеттік тіл де бар. Осыны ескере отырып мемлекеттік қызметшілердің рәміздерді ұлықтауы, мемлекеттік нышандарды қорлауға жол бермеуі маңызды. Әсіресе, қоғамның талабына сай мемлекеттік

қызметшілердің қазақ тілін білуі басты қағида. Қазір сот саласында құжаттарды қазақ тілінде дайындауға, кіріс-шығыс хаттарына мемлекеттік тілде жауап беруге басымдық беріліп отырғаны белгілі. Ал бұл істі ана тілін терең меңгерген мамандардың көмегімен ғана сапалау атқаруға болады. Сондықтан, мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа қабылдаған кезде оның қазақ тіліне жетіктігі бірінші кезекте тексеріледі.

Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, олар билік пен

қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің кісілік бет-бейнесі Әдеп кодексінде жан-жақты көрсетілген. Кодекс талаптарының сақталуын бақылау әдеп жөніндегі уәкілге жүктелген.

Қызметшінің сатылап өсуіне, жалақысының еңбегіне сай болуына, жеңілдікпен тұрғын үй алуына мемлекет тарапынан барынша мүмкіндік жасалып жатыр. Енді мемлекеттік қызметшілер артылар сенім мен жүктелген міндетті сапалы атқарса болғаны.

Е.БИМЕНДЕ, Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының маманы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІЛЕРГЕ МҮСІРКЕУ ЕМЕС, МҮМКІНДІК ҚАЖЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты биылғы Қазақстан халқына жолдауында: «Адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалды. Әділдікті және заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысуы мүмкіндігі артты. Қоғамның саяси мәдениеті мүлде жаңа сипатқа ие болды. Алайда нағыз дамыған ел болмағандықтан, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет» деген болатын. Сондықтан 18 қазанда Мәжілістегі «Ауыл» фракциясының мүшесі Таңсауле Серіков, «AMANAT», «Respublika», «Қазақстан халық партиясы», «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» фракциялары мен жеке мандат бойынша сайланған бірқатар әріптестерінің қолдауымен Үкімет басшысының атына сауал жолдаған еді. Онда депутат 2015 жылы Үкіметпен әр мемлекеттік мекемеде, әр квазимемлекеттік мекемелерде, ұлттық компанияларда, жекеменшік кәсіпорындарда мүгедектігі бар тұлғаларға денсаулығына зиян келтірмейтін жұмыс орындарын ұйымдастыруға берілген тапсырманы еске түсірді. 2016 жылы бұл көрсеткіш 2-4% деп белгіленген болатын. Яғни жұмысшы саны 50-ден 100 адамға дейінгі кәсіпкерлік субъектілері үшін квота – 2%, 101-ден 250 адамға дейін – 3%, 250 адамнан астамға – 4% белгіленген. 2023 жылдың көктемінде Әлеуметтік кодекс күшіне енген соң, 7 маусымда

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен мүгедек адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау ережесі бекітілді.

– Біз тіпті жаз айларында ел ішін аралағанда облыс, аудан, ауыл әкімдері бұдан хабарсыз екенін көрдік. Сонда Президенттің тапсырмасын, Үкіметтің нұсқауын елемегені ме? ... Бірде бір ұйым мүгедектігі жұмысқа алғысы келмейді. Мүгедекті мүсіркейді. Өкінішке қарай күннен-күнге мүгедектігі бар жандар саны артып келеді. Сондықтан олар ертеңгі күніне сенімді болулары үшін біз оларға көмектесіп, ұйымдастыра білуіміз керек. Президенттің тапсырмасы міндетті түрде орындалуы тиіс және оны Үкімет қадағалауы керек. Әр министрлік, әр әкімшілік бір-біріне сілтемей ең алдымен өзінен бастау керек, Президенттің тапсырмасын өз штаттарына 2-4% аралығында қызмет орны ұйымдастырылуы қажет. Және осының бәрі министрдің және әр мекеме басшысының бақылауында болуы тиіс. Сонда әр мүгедекте, әр мүгедек балада келешегіне деген сенім пайда болады, ол үшін қазір жігер беру керек, – деген Т.Серіков шетелдік тәжірибені де еске салған болатын.

Мысалы, Германия, Ұлыбритания, Австралияда жұмыс беруші мүгедектің артынан жүрсе, бізде керісінше. Қазақстандағы мүгедек жандардың 62 пайызы еңбекке қабілетті жастар екенін еске салған депутаттар өздерінің нақты ұсыныстарын да көрсетті. Бірінші, мүгедектігі бар жандар үшін жұмыс орындары міндетті түрде ұйымдастырылсын және қатаң түрде қадағалансын. Екінші, орындамаған ұйымдарға үлкен мөлшерде айыппұл салынсын. Сол айыппұлдан түскен

қаржыға мүгедектігі бар тұлғаларға жұмыс орындары ұйымдастырылсын. Үшінші, Оқу ағарту министрлігіне, Ғылым және жоғары білім министрлігіне мүгедектігі бар жандар үшін жоғары оқу орындарында, колледждерде сапалы мамандар даярлайтын, қайта даярлайтын оқу орындары ұйымдастырылсын. Оқу орындарын тәмамдаған мүгедектігі бар жандар мемлекеттік, квазимемлекеттік ұйымдарда 100% жұмысқа орналастырылсын және қадағалансын деген депутаттар сауалына Премьер-Министр Әлихан Смайылов өз жауабын берді.

Үкімет басшысының сөзіне қарағанда, 2005 жылы халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанда мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғаудың жаңа моделі енгізіліп, жаңа заңнама қабылданды. Олар азаматтардың осы санатына қатысты парадигманы өзгертті, оған сәйкес мүгедектік еңбекке қабілеттіліктің немесе адамның еңбекке жарамсыздығының көрсеткіші болып табылмайды, тек оның тіршілік-тынысының шектеу деңгейін айқындайды. Қазіргі уақытта мүгедектігі бар адамдарды еңбекке интеграциялау мақсатында жұмыспен қамтуға және оқытуға жәрдемдесу шараларының кешені көзделген.

Бірінші, азамат еңбек қызметін жүзеге асыру кезеңінде мүгедектікке алып келген жарақаттану немесе мертіккен жағдайда, оның жұмыс орнын сақтау. Бүгінде 6 мыңға жуық мүгедектігі бар адам өз жұмыс орындарында немесе сол ұйымдағы басқа позицияларда жұмыс істеуді жалғастыруда.

Екінші, мүгедектігі бар адамдарды жоғары оқу орындарында оқыту.

Инклюзивті білім беруді жетілдіру жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған жол картасы бекітілді, ол ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін оқу ғимараттарының, жатақханалардың және т.б. ғимараттар мен құрылыстардың қолжетімділігі бөлігінде бірқатар іс-шараларды көздейді. Бүгінгі таңда мүгедектігі бар адамдар үшін бірдей оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарының үлесі 75,5 пайызды құрайды (2022 жылы – 54%). Жоғары оқу орындарында оқитын мүгедектігі бар адамдардың саны 1730.

Үшінші, мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы жұмыс орындарын құру. Аталған тетік 2018 жылдан бастап енгізілді және жұмыс берушілердің арнаулы жұмыс орындарын құруға жұмсаған шығындарын субсидиялауды көздейді. Осы бағытта іске асыру басталғаннан бері 520 арнаулы жұмыс орнын ұйымдастыруға бюджеттен 367,1 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

Төртінші, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту. Бүгінде жобаның «Бастау бизнес» шеңберінде қысқа мерзімді курстарда және кәсіпкерлік негіздерінде оқыту, өз ісін ашуға өтеусіз гранттар алу, субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру бойынша 38,4 мың адам қамтылды.

Бесінші, өз бетінше жұмысқа орналасу мүмкіндігін беру. Осы мақсатта Электрондық еңбек биржасында бос жұмыс орындарын іздеудің арнайы функционалы ашылды. Бүгінгі таңда осы санаттағы азаматтар үшін 2,7 мыңға жуық бос жұмыс орны орналастырылған.

Алтыншы, мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау шеңберінде жұмысқа орналастыру. Бүгінгі таңда аталған квотаны жергілікті атқарушы органдар ұйым қызметкерлерінің тізімдік санына қарай 2-4 пайызға дейінгі мөлшерде белгілейді. Жоғарыда аталған іс-шараларға қосымша, жұмыс берушіге жүктемені ынталандыру және азайту үшін осы жылдан бастап мүгедек адамдардың

жалақысын мемлекет субсидиялау тетігі іске қосылды. Мәселен, субсидиялау жұмысқа орналастырудың үш жылы ішінде жүргізіледі: бірінші жыл 70%, екінші жыл – 65% және үшінші жыл – 60%.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 98-бабына сәйкес жұмыс берушінің Қазақстанның халықты жұмыспен қамту саласындағы заңнамасын мүгедек адамдар үшін белгіленген жұмыс орындарының квотасын орындамау түрінде жасаған құқық бұзушылығы – ескерту жасауға алып келеді. Бұл ретте, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап бұзу лауазымды адамдарға кәсіпкерлік субъектісіне байланысты 5-10-ға дейінгі АЕК мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Қазіргі уақытта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс берушілердің белгіленген квотаны орындамағаны үшін жауапкершілікті күшейтеу мәселесін қарауда. Тиісті заңнамалық түзетулер заңнамада белгіленген тәртіппен Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға және оқытуға жәрдемдесу шараларының ауқымы жеткілікті түрде кең екенін және тек квота белгілеуді ғана қамтымайтынын атап өтеміз. Үкімет мүгедектігі бар адамдарды қоғам өміріне тарту және азаматтардың барлық санаттары үшін тең мүмкіндіктер жасау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде», – дейді Ә. Смайылов.

Дамыған елдерде мүгедек адамдар үшін бөлінген жұмыс орындарының квотасы 6 пайызға дейін жететінін ескерсек, бұл мәселе қоғам үшін әлі де өзектілігін сақтап қалары анық. Өйткені, елдегі демографиялық оң үрдіске қарамастан маман тапшылығы қоғамның барлық саласында әлі ұзақ уақытқа дейін сақталып қала бермек. Қазірдің өзінде елдегі еңбекке қабілетті 9 млн-нан астам адамды жұмыспен қамту мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін жақсартуда маңызды критерийлердің бірі болып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«QAZAQGAZ» ОРТАЛЫҒЫ ЗАМАНАУИ ІЗДЕНІСТЕР БАҒЫТЫНДА

«QazaqGaz» ғылыми-техникалық орталығы Бейжіңде CNPC компаниясының мұнайды барлау және игеру бойынша ғылыми зерттеу институты – PetroChina Research Institute of Petroleum Exploration & Development (RIPEP) компаниясымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. «QazaqGaz ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС Бас директорының орынбасары Сәуле Самекинаның айтуынша, RIPEP-пен ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі – инжиниринг, ғылыми-зерттеу жұмыстары, сондай-ақ газ саласындағы техникалық стандарттарды дамыту. Аталған бағыттарға – газды магистральдық тасымалдау, жерастында газды сақтау, коммерциялық бағытты дамыту және тұтынушыға тарату кезінде газды есепке алу үдерістері, стандарттау саласындағы ғылымның ең үздік тәжірибесін қолдану, газды тасымалдау және тарату кезінде IoT құрылғыларын орнату және т.б. мәселелер кіреді. Өзара іс-қимылдағы негізгі бағыт – «жасыл» энергетика саласындағы инновациялық технологияларды дамыту. Оның аясында отандық, шетелдік инвесторлардың, осы саладағы шетелдік ұйымдардың, инвестициялық қорлардың қатысуымен Қазақстан аумағында жасыл энергетика саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру көзделеді. Өз кезегінде бұл шаралар – жасыл сутегі саласын дамытуға, зауыттар салу, электр энергиясын өндіру, сутегін жеткізу инфрақұрылымын кеңейту және әлемдегі үздік тәжірибелерді тартуға ықпал етеді.

RIPEP өкілдері өзара ынтымақтастықтың мынадай басым бағыттарын белгіледі: терең және одан да тұнғыштық орналасқан газ кен орындарын барлау және игеру; тақтатас газын/тығыз газды барлау және игеру; гидравликалық жару, газ өндіру, геологиялық және гидродинамикалық модельдеу технологиясы мен жабдықтары, керн мен сұйықтықты зерттеудің тәжірибелік әдістерін меңгеру. Аталған іс-шаралар газ кен орындарын барлау мен игерудегі заманауи тәсілдерді, көмір қабаттарынан метан өндіру технологияларын және газ синтезін бірлесіп зерттеуді қамтиды. Сон-

дай-ақ кен орындарын игеруде заманауи Lidar әдісін және мұнай-газ саласында жасанды интеллектті пайдаланатын Data Science, BigData, BI аналитикалық алгоритмдерін пайдалану жоспарлануда.


– Мұндағы біздің идеямыз – барлық қажетті бөлшектердің дерекқорын әзірлеу арқылы қажетті жабдықтардың дизайнын және оларды 3D принтерімен қалай жасауға болатынын ойлап табу. Бұл қажет болуы мүмкін кез келген қосалқы бөлшектерді шығаруға көмектеседі», – дейді «QazaqGaz FTO» ЖШС Бас директорының ғылым және инновациялар жөніндегі орынбасары Әлібек Марданов. Оның сөзіне қарағанда, жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді 3D-модельдеу мен 3D технологиялары арқылы басып шығаруды ескере отырып, өндірістік міндеттерді іске асыруға ерекше назар аударылатын болады.

Енді QazaqGaz Ғылыми техникалық орталығы желтоқсан айында RIPEP-пен ынтымақтастық бағыттары бойынша Жол картасына қол қоюды жоспарлауда. Бұған дейін қараша айының басында XII Санкт-Петербург қаласында өткен халықаралық газ форумы шеңберінде ғылыми және инновациялық қызмет мәселелері бойынша «Газпром ВНИИГАЗ» АШҚ-мен меморандум бекіткен болатын. Ал қараша айының ортасында Италиядағы Baker Hughes University-мен бірлесіп, Италияда арнайы бағдарламалар бойынша оқыту үшін QazaqGaz қызметкерлері арасынан конкурстық іріктеу өткізді.

CNPC компаниясының мұнайды барлау және игеру бойынша ғылыми зерттеу институтының төрт бөлімшесі бар. Олар: Бейжің филиалы, Ланфан филиалы, Солтүстік-Батыс филиалы және Ханжоу геологиялық зерттеу институты. Сондай-ақ RIPEP-те ғылыми тұрғыда қолдау көрсететін 17 ұлттық және корпоративтік негізгі зертханалар бар. Оларда 2 мың зерттеуші маман қызмет етеді. Оның ішінде Қытай Ғылым академиясының (CAS) және Қытай инженерлік академиясының (CAE) 9 танымал мүшесі бар.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ



САНАЛЫ БІЛІМ АЛМАҒАН СТУДЕНТТЕН САПАЛЫ МАМАН ШЫҒА МА?

Түнде жұмыс – күндіз сабақ. Қазақстанда студенттердің оқумен бірге жұмысты да қатар алып жүргенін көріп жатырмыз. Жеке адам үшін бұл тиімді жағдай шығар, алайда қоғам үшін аса қуанарлық жайт емес. Бұндай әмбебаптықтың салдары қоғамға шикі мамандардың келуіне түрткі болып отыр. Яғни, өз мамандығын толықтай игермеген, тәжірибесі аз мамандардың қоғамда көбейіп кетуі себебі де осында.

Енді мәселеге тереңірек үңілейікші. Жоо оқитын студенттердің жұмыс жасауына не себеп? Қазақстанда 2023 жылдың санағы бойынша бакалаврда оқитын студенттерге берілетін стипендия 41 мыңды құраса, педагогика ғалымдарына берілетін шәкіртақы 67 мың теңгені құрап отыр. Бір студентке менің ойымша, бір айлық күн көріс үшін бұл жеткілікті қаражат. Алайда, қазір қымбатшылық кезі болғандықтан, кей студенттерге бұл қаражат аздық етуі мүмкін, соның салдарынан олар қосымша табыс көзін іздеп жұмысқа шығады. Университет қабырғасында жүрген студент, жұмыс арқылы табысқа шығып, соған бейімделіп, үйреніп қалады. Демек ол оның оқуға деген зейінін жоғалтады. Сабақтан жиі қалу не болмаса шаршап оқуға аса мән бермеу, ұйықтап отыру сынды көріністері көбейеді.

Осы мәселе бойынша әлеуметтанушы

Қайрат Қарғаевқа сауал қойған едік. Маман пікірінше, «Оқу мен жұмысты қатар алып жүру, екінші бірінің қолынан келе бермейді. Жұмыс істейтін адам ертең қаншада тұрамын, жұмысқа қашан барамын, жұмыстан қашан шығамын?», – деген оймен жүріп, білім алушы екінші планға шегереді. Оқуға зейіні, көңілі азайып, қызығушылығы төмендейді. Алайда, мына заманда жұмыс жасама-саң тағы болмайды. Бірақ оны демалыс күндері қосымша жұмыстарға шығып қана реттеуге болады. Егер жұмысы өз мамандығына сай болса онда тіптен жақсы. Білім алып жүріп, оған қоса өзінің бағыты бойынша тәжірибе жинайды. Қазіргі кезде оқу бітіріп, қолына диплом

алған студентке жұмысқа тұру үшін де оның тәжірибесі маңызды. Ең бастысы, студенттің міндеті сапалы маман болып шығуға ұмтылу, жұмыс деп жүріп оқуға деген зейінін жоғалтпау».

Жалпы, заң бойынша 16 жасқа толған балаға күніне 4/5 сағаттық жұмыс жасауына болады, ал 18 жастан бастап жұмыс жасау құқығы өзіне беріледі деп қарастырылған. 18 жасқа тола сала студенттер өздеріне жұмыс қарастыра бастайды. «Epbek.kz» сында жұмыс іздейтін орталықтарға келіп түсетін өтініштердің арасында студенттер де бар еді.

Бүгінгі жастар – елдің ертеңі. Келешегі кемел елдің, қазіргі ұрпағы ұшқыр ойлы саналы да, білімді болуы шарт. Зайырлы мемлекет қатарында екеніміз бәрімізге аян, қабылданған Ата Заңымыз бар. Ата Заңға бағынып, әрбір білім алушы өзінің оқу орнында сапалы білім алуға міндетті. Себебі, қазір білімділер заманы. Сауатты білім бар адам, әрдайым ұлттық мүдде мен мемлекеттік мүдде жолында қызмет етеді. Тілін, дінін құрметтеп, ұлттық болмысын сақтай алады. Елдің болашағын дамытатын білім мен ғылым екенін ұмытпағанымыз абзал.

Аружан ОРАЗБАЙ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 2-курс студенті

ПАЙЫМ

Алқабилер соты – төрелік алаңындағы жұмысқа халық өкілдерін тарту, қазақстандық сотты халықаралық талаптарға сай дамыту мақсатында қолға алынды. Соның негізінде «Алқабилер туралы» заң дайындалып, 2007 жылдан бастап қолданысқа енгізілді. Заң тәжірибеге енгізілгеннен бергі он алты жылдың ішінде алқабилер соты мазмұны жағынан да, маңыздылығы мен танымалдылығы тұрғысынан да өсті.

АЛҚАБИЛЕР – ХАЛЫҚТЫҚ СОТ

Бұл заңда қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастар толық реттеліп, алқабилердің құқықтық мәртебесі, тәуелсіздігі бекітілді, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздері айқындалды. Алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау институтының енгізілуі – шын мәнінде отандық сот жүйесінің дамуындағы демократиялық қадам болды. Бұл өз кезегінде сот билігін жүзеге асыруға қарапайым халық өкілдерінің қатысуына мүмкіндік берді.

Әрине, жаңашылдық халық көңілінен шықпанымен, бірден талапқа сай жүзеге аса қойған жоқ. Алғашқы уақытта алқабилер қоғамына лайықсыз адамдардың еніп кетуі, тізімде сотты болған, қайтыс болған азаматтардың жүруі жаңа институттың жандануына кедергісін тигізді. Алқабилер болудың жауаптылығын, салмағын сезінбеген азаматтардың сот оты-

рыстарына себепсіз келмей қалуы, өзіне жүктелген іске жүрдім-бардым қарауы сот жұмысын қиындатқаны рас. Дегенмен, уақыт өте келе бұл мәселенің бәрі ретімен шешімін тапты. Соның арқасында алқабилер соты қарайтын істер саны көбейді.

Халықтың алқабилерге сенімі нығайып, қажеттіліктің артқаны байқалғандықтан, 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт жоспарына алабилер қарайтын істер санатын кеңейту туралы нақты тапсырма жүктелген болатын. Соған сәйкес, Ұлт жоспарының 21-қадамын ескере отырып, елімізде алқабилер қатысатын істердің аясы кеңейтілді. Енді олар бұрынғыдай тек аса ауыр қылмыстарды қараумен шектеліп қалмай, адам ұрлау, ауыр халге ұшырату және жасөспірімдерді зорлау қылмыстары бойынша істерге де қатыса алатыны нақтыланған.

Бұдан кейін де алқабилер соты жаңғыртылды. Яғни, дайындалған заңнамаларға сүйене отырып 2023

жылы алқабилер қарайтын істер саны 16 құрамға кеңейсе, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл құрам тағы 13 ауыр қылмысты қараумен толыққалы отыр. Оның ішінде адамның дене мүшелерін заңсыз алу, азаптау, рейдерлік, медициналық қызметкердің әрекетінен абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелу, ауыр салдарға әкелген балық пен басқа да су жануарларын заңсыз

аулау, көлік құралын басқарғанда абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы секілді істерді алдағы жылдан бастап алқабилер соты қарамақ. Осылайша Президент жолдауында айтылғандай, еліміздегі сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашылды. Енді тек азаматтар алқабилер институтын одан ары дамытуға, заңнаманың сапалы қолданылуына ықпал етуге тиіс.

Қылмыскер мен жазықсыздың ара жігін айыру қарапайым халық өкілдері тұрмақ, судьялардың өзіне оңай емес. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, алқабилер өзіне жүктелген үдеден шығып келеді.

М.КАКИМЖАНОВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ТАҒЫЛЫМ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Кез келген ата-ана өз баласының тәрбиесіне мейлінше мән береді. Үлкенін кішісіне жауапты етуге тырысады. Балалар арасында болып тұратын ұрыс-керісті әділ шешкісі келеді, бірақ көбіне кішісіне бүйрегі бұратыны жасырын емес.



Сәкен АБСАМАТОВ,
Түркістан облысы көмелетке толмағандардың ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Жалпы балалардың құқығы заңмен қорғалады. Мұндағы басты бағдар – бала құқығы туралы конвенция. Бұл адамзат баласының туған кезінен 18 жасқа толғанға дейінгі құқығы мен бостандығын бекітетін халықаралық құқықтық акт. Конвенцияда балалардың кім екендігі түсіндіріледі, сондай-ақ олардың барлық құқығы мен үкіметтің міндеттемесі көрсетіледі.

Бала құқығын қорғау конвенциясы 1989 жылы 20 қарашада қабылданды. Конвенцияның 54-бабында өктемдік көрсетуден қорғау, отбасы өмірінің тыныштығын сақтау, пікірін еркін білдіру көрсетілген. Қазақстан осы заңнамаға сәйкес 2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңын қабылдады.

Балалар құқығын қорғау ережесі де бар. Оларға ерекше қамқор-

лық керек. Балалар да сыйлау, қол тигізбеу, абыройын сақтау сияқты құқыққа ие. Онымен қоса психологиялық қысым немесе жәбірлеу деген де бар. Психологиялық немесе эмоционалды жәбірлеуге үнемі немесе кей кездері балаға сөзбен немесе басқа әдістер арқылы жәбір көрсету, ата-ананың қорқытып-үркітуі, кемсітуі, жақсы көрмейтінін не жақтырмайтынын білдіруі мысал бола алады. Мұның салдарынан бала ересек адамға немесе өзіне деген сенімінен айырылады.

Физикалық, психологиялық жәбірлеу мәселесіне бейжай қарауға болмайды. Осы орайда оқырманға конвенция жайлы қысқаша мәлімет бере кеткенді жөн көріп отырмыз: Конвенцияға кіретін құқықтың бәрі барлық балаға бірдей тарайды. Құжатқа қол қойғаннан кейін балаларды кемсітуден қорғауға және олардың құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін белсенді шаралар қолдануды мемлекет өз міндетіне алады.

Мемлекет әрбір баланың амансау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынып, өзіне есім мен азаматтық алуға, өз отбасында ата-анасымен бірге өмір сүруге құқылы. Бала мектепке кінәлі болғанда да оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ. Бала тынығуға және мәдени демалуға құқылы. Әрбір баланың ой-пікірі, ар-ождан және дін еркіндігіне құқығы бар. Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы, өз денсаулығын сақтауға, емделуге, әрі өз ойын еркін айтуға құқылы. Сондықтан осы міндеттемені әр ата-ана жадында ұстап, бала тәрбиесіне барынша көңіл бөліп, мамандармен жиі ақылдасып тұрғаны абзал.

СОТ СӨЙЛЕСІН

ЕЛ МҮДДЕСІН ОЙЛАҒАН ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Халық пен мемлекетке қызмет етуді барлығынан жоғары қоғамдық қатынастар апараты қалыптастыру тәуелсіз еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі саналады. Бұл міндетті іске асыру мемлекеттік қызметшінің білім-білігіне тікелей тәуелді, сондықтан, елімізде мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіруге ұдайы көңіл бөлінеді. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында көрсетілгендей, кәсіби мемлекеттік аппарат құруда мемлекеттік қызметке қабылдау іскерлік қасиеттер негізінде жүзеге асырылады. Соған орай, мемлекеттік қызметшілер конкурстық жүйе негізінде қабылданады. Аталған жүйе олардың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіріп, өздерін мемлекеттік қызметте жан-жақты көрсетуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметкерлер жұртшылықпен тікелей жұмыс істейтіндіктен, оларға әрқашан да жоғары талаптар қойылады. Олардан ең бірінші өз істеріне деген кәсібилік, адалдық талап етіледі, сонымен қатар, әкімшілік-құқықтық заңнамаларды, қызметтік этиканы жетік біліп, сақтаулары керек.

Мемлекеттік қызметшінің этикасы Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс кодексімен белгіленген. Бұған қоса этика жөніндегі өкілетті тұлға бар. Этика жөніндегі өкілетті тұлға қызметіне кез келген адам тағайындалмайды. Ережеде бұл аса жауапты қызметті ұжымда абыройы асып, құрметке ие болған адам ғана атқара алатыны нақтыланған. Ол ұжымға келген жаңа қызметшіге мемлекеттік қызметшінің этикаларын таныстыра отырып, оның сол ортаға бейімделуіне атсалысады. Өкілетті тұлға ұжымда ар-намыс кодексінің қатаң сақталуын қадағалап қана қоймайды, сонымен қатар, әріптестерінің құқықтарын да қорғайды.

Мемлекеттік қызметте біліктілігіңді ұдайы арттыруға,

сол арқылы мансаптық өсуге барлық мүмкіндік растырылған. Тұрақты жалақы, еңбек демалысы, ертеңге алаңдамай еңбек етуге қолайлы жағдайлар жасалған. Жұмыстан қысқарып қалған кездің өзінде өтемақы төленеді. Мұнда гендерлік теңсіздікке жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметте тәлімгерлік және тағылымдық институттар қалыптасқан. Осы институт аясында жұмысқа енді кіріскен мамандарға тәжірибелі тәлімгерлер тағайындалады. Олар жас маманның кәсіби даярлығына практикалық тұрғыда көмек көрсетеді. Этика жөніндегі өкілетті тұлға немесе тәлімгерлер қай-қайсысы болса да өзі үйренемін, еңбек етемін деген жастардың өсіп-өркендеуіне жол ашады.

Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы аясында «Мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз ету» жобасы жүзеге асырылуда. Жобада мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және қызметтік жағдайларын кешенді түрде жақсарту шаралары көзделген. Кез келген қызметкер үшін басты орында халық мүддесі тұрса, онда сол елдің болашағы жарқын болады. Өркениетті қоғам орнатуда ең жауапты істер мемлекеттік қызметшілерге жүктелген. Осы себепті олар қоғамның айнасы саналады. Мемлекеттік қызметшілердің имиджі мемлекеттің беделін көтеретінін әрбір маман есте ұстауы керек.

Ел Президентінің «Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп берулері керек. Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқының алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз» деуі мемлекеттік қызмет салмағының қаншалықты ауыр екенін айқындап тұр. Халық ықыласына ие болудың жалғыз жолы – адал еңбек.

Мемлекет тарапынан қызметкерлерге барлық жағдай жасалуда, соған сай еңбек етіп, ел көңілінен шығу біздің басты міндетіміз. Халқымыз «Сыпайылық – сыйынды арттырады, кеңдік – құрмет туғызды, шынышылдық – сенімге жеткізеді» демей ме? Осы қасиеттерді өз бойына тоғыстыра білген жандардың халық құрметіне бөленіп, сол арқылы мемлекеттің де абыройын асқартатары анық.

Е.ЖОЛТАЕВ,
ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша персоналды басқару бөлімінің басшысы

МҮДДЕ

«Ұйымдасқан ұтады» дегенді бабаларымыз бекер айтаған. Ұжымда бірлік болса қол жетпейтін биік жоқ. Бір мақсатқа ұйысқан, бір-бірін қолдаған ұжымның талай жетістікке қи-налмай жететінін тәжірибеде жиі көріп жүрміз. Өзім еңбек ететін заң факультетіндегі Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы сондай бірлігі бекем ұжым.



БІРЛІК БОЛСА АЛЫНБАЙТЫН ҚАМАЛ ЖОҚ

Мысалы, жақында «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға өту барысында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері» деген тақырыпта ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға кафедрадағы әрбір қызметкер сүбелі үлес қосты. Бірнеше шет мемлекеттің ғалымдары қатысатындықтан, бұл конференцияның тақырыбын дұрыс таңдауға, тақырып шеңберін өз елімізбен шектемей, өзекті мәселелерді өзге елдер тәжірибесімен салыстыра отырып сараптауға терең мән берілді. Өйткені, бүгінгі статистика көрсетіп отырғандай экологиялық қауіпсіздікті сақтау, заңнамаларды жетілдіру – Қазақстанды ғана алаңдатып отырған жоқ. Оны жиыңға қатысқан шетелдік қонақтардың сөзінен аңғаруға болады.

Конференцияда айтылған пікірлерден байқағанымыздай, заңдарда табиғи байлықты пайдаланудың нақты механизмі жасалмаған. Сон-

дықтан, қай ел болсын, заңнама жасау институтында еңбек ететін білікті ғалымдарды дайындауға басымдық бергені абзал. Себебі, заң – ел дамуының, қауіпсіздігінің, құқықтық сақталуының құртамдыры. Екіншіден, әлемде ауыз су мәселесі өзекті. Үшіншіден, сирек кездесетін жануарларды қорғау әлі де болса назардан тыс қалып келеді. Төртіншіден, барлық елде жер асты суларының азайғаны байқалады. Бұл суды пайдалануға жауаптылықпен қарау керектігін ескертеді. Сондай-ақ, қалдықтардың өңделмеуі, дұрыс жиналмауы экологиялық қиындық тудырып отырғаны ақиқат. Міне, осының бәрін әр ел заң арқылы пәрменді шеше алса, нұр үстіне нұр болмақ.

Есіл РАХМЕТОВ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының докторы

МЕЖЕ

АУДАРМАШЫ ЗАҢ ШЕҢБЕРІНЕН ШЫҚПАУЫ КЕРЕК

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында барлық салада кешенді жұмыстар атқарылып жатыр. Қазақстандық сот та ел үшін тағдыршешті мәселеден шет қалып отырған жоқ.

Соттағы барлық құжаттарды мемлекеттік тілде дайындап, мамандардың қазақ тілін білуін басты талап ретінде белгілеп отыр. Осындай белсенді жұмыстардың нәтижесінде мемлекеттік тілде қаралатын істер көлемі де бірте-бірте көбейіп келеді. Ал қазақ тілін жетік білмейтіндерге сотта аудармашы қызметі ұсынылады. Сот отырысында тараптар, сарапшы мен куәлер іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін жағдайда оларға ана тілінде немесе өзі білетін басқа тілде сөйлеуге құқық берілген. Ең бастысы, сотта аудармашы қызметі

ақысыз көрсетіледі. Істің дұрыс таразылануы аудармашы қызметіне тікелей байланысты. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 35-бабында көрсетілгендей, аудармашыны іріктеуде де талап бар. Соған сай сот отырысына аудармашы ретінде іске мүдделі емес адам ғана қатыстырылады. Маманның сот ісі жүргізілетін тілді жетік білуі, сондай-ақ ыммен түсіндіру техникасын терең меңгеруі маңызды.

Заңда дәйектелгендей, аудармашы қызметі өте жауапты. Өз қызметін жүзеге асыруда аудармашылардың іске қатысушыларға қажетті

сұрақ қойып, мәселені айқындауына мүмкіндік берілген. Сондай-ақ, сот отырысының хаттамасын тексеріп, ондағы аударманың дұрыс әрі толық жазылуына мүдделі. Егер хаттамада кемшілік болса, оны түзету де аудармашының міндеті.

Сот – мәртебелі орган. Сондықтан аудармашы соттың шақыруына уақытылы келуі, сотқа қатысушылардың сөзін толық және дұрыс аударуы шарт. Сот отырысы кезінде тәртіп сақтау да аудармашының басты міндеті. Ал аударма көпе-көрнеу дұрыс жасалмаған жағдайда, аудармашы заңда белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бұдан бөлек, аудармашы ретінде өзіне белгілі болған істің мән-жайы туралы мәліметті және өзге де деректерді жария етпеуі, сот отырысы кезінде тәртіпті сақтауға тиіс.

Ө.НҰРЛЫБЕК,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы



ЖЕР ЖАННАТЫ ЖЕТІСУ ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасып, солтүстігінде Балқаш көлінен, оңтүстігінде Тянь-Шаньның қарлы шыңдарына дейін созылып жатқан жеті су өлкесінің өз алдына бөлек облыс болып құрылғанына бір жылдан асты. Көне мәдениеттің ордасы, табиғаты сулу, топырағында қазақтың марғасқа тұлғаларының ізі қалған өңірде жаңалық аз емес. Бүгінде облыс дамудың сара жолына түсіп, өз тарихында үлкен белестерді бағындырып жатыр. Мұны жуырда аймақ басшысы Бейбіт Исабаевтың Астанаға келіп, бұқаралық ақпарат құралдарына берген брифингінде аңғардық.



Облыс мәртебесінен айырылған жылдар өңірдің өміріне өз ізін салғаны ақиқат. Сондықтан кейбір мәселелердің шешілуі, орын алған олқылықтардың жойылуы, кетеуі кеткен істің қалпына келуі оңай емес. Көш жүре түзеледі дегендей олардың бәрі біртіндеп қалпына келер деген үміт бар. Бұған қазірдің өзінде аймақта қолға алынған жұмыстар көз жеткізіледі. Жетісу облысында экономикалық көрсеткіштері артып, өндіріс, құрылыс,

сауда сияқты негізгі салаларында өсім байқалды. Жер көлемі – 118 мың шаршы шақырымды алатын облыста тұрғындар саны 700 мың адамға жеткен, Алматы облысының құрамынан бөлінгенде өңірде экономиканың құрылымына, бюджет кірісінің аз бөлігі қалуына, тағы басқа объективті факторларға байланысты бірқатар көрсеткіштер төмендепті. Дегенмен 2022 жылдың қорытындысы бойынша облыста барлық негізгі нысаналы

индикаторларға қол жеткізіліп, облыс аймақтар арасында жоғары көрсеткіш көрсеткен. Мәселен, облыста биылғы жылдың 5 айында оң динамика байқалады. Оның ішінде сауда – 1,8 есеге, республикалық бюджеттің түсімдері – 2,8 есеге, құрылыс көлемі – 31,3%-ға, өнеркәсіп өндірісі – 14,1%-ға өсті. Жалпы, өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 39,3%-ға жетті (ҚР – 36,5%). Биыл облыс бюджеті 486 млрд теңгеге жетіп, 16 пайызға артқан.

2022 жылы аэроғарыштық түгендеу жұмыстары нәтижесінде пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы 1,077,2 мың га жер анықталды, оның 857,2 мың га жайылымдық жер. Қабылданған шаралардың арқасында сол жайылымдық жердің 327 мың га айналымға енді.

Журналистер сауалына орай Б. Исабаев аймақтағы су шаруашылығы нысандарын қайта жаңғырту мен жөндеу жұмыстарының барысын ортаға салды. Оның айтуынша, Ислам даму банкі қаражаты есебінен Ақсу ауданында 6,3 млрд теңгеге суару жүйелерінің құрылыс жұмыстары биыл аяқталады. Көксу ауданында осы жылы басталады, оған 8,3 млрд теңге қарастырылған. Соның нәтижесінде Ақсу ауданында 11,5 мың га, Көксуда 13,6 мың гектар жер сумен қамтылады.

Аймақтағы агрөнөркәсіп саласының дамуында да ілгерілеушілік бар. Жетісу облысында биыл төрт түлік малдың саны 3,018 мың басқа жетті, соның ішінде ірі қара – 613,3 мың, қой-ешкі – 2,183,5 мың,

жылқы – 201,4 мың, түйе – 2,1 мың. Осының арқасында ет өндірісі 28,6 мың тонна, сүт өндірісі 87,3 мың тоннаға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда еселеп артып отыр. Жыл соңына дейін ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2,8% өсіп, 544 млрд теңгеге жетеді деген жоспар бар. Ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру шеңберінде 3,2 млрд теңге бөлінді, 562 үміткерден пул қалыптастырылды.

Облыс құрылғаннан бері жалпы құны 38 млрд теңгелік, бір мыңнан астам жұмыс орны бар 47 жоба іске қосылды. Соның ішінде 1,7 млрд теңге 68 жұмыс орны бар 8 жоба биылдан бастап жүзеге асырылған. Он жылдан астам уақыттан бері тоқтап тұрған жоғары маркалы кремний өндіретін, қуаты 6 мың тонналық «Kazsilicon» зауыты қайта жаңғыртылды. Оған 3,9 млрд теңгеге инвестиция тартылып, 210 жұмыс орны ашылды. Текелі қаласында темірді тікелей қалпына келтіретін, қуаты 20 мың тонналық «Электромарганец» зауыты жұмыс істей бастады. Жаңғыртудан өткізілген Ақсу қант зауыты осы жылдың тамыз айында іске қосылады деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, Көксай кен орны мен тау кен байыту комбинаты құрылысының жобасын іске асыру жұмыстары басталды. Комбинаттың қуаттылығы 50 млн тонна кен өңдеуге қауқарлы. Оған 976 млрд теңге инвестиция тартылып, 2300 жұмыс орны құрылды. Комбинат 2026 жылы іске қосылады.

Жетісу жерінің табиғи-климаттық жағдайы туризмнің барлық түріне қолайлы екені әмбеге аян. Осы мүмкіндікті тиімді пайдалану үшін аймақта инфрақұрылымды жақсарту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Өңір басшысының айтуынша, өткен жылы Үшарал қаласы әуежайының ұшу-қону жолағы іске қосылды. «Талдықорған-Үшарал», «Үшарал-Достық» автомобиль жолдарының асфальтбетон жабыны төселді, биыл бұл жұмыс толық аяқталады. Туристік маусымға дейін

жол бойында Қызылағаш, Жансүгіров, Көлбай, Қабанбай елді мекендерінің тұсында әжетхана мен эстакадасы бар демалу алаңдары іске қосылмақ.

Жол құрылысына қатысты да қолға алынған шаруалар бар. Биыл Жетісу өңірінде облыстық маңызы бар 221 шақырым жолдың және 73 елді мекенде 247 шақырым ауылшілік жолдардың құрылысы мен жөндеуіне 33 млрд теңге бөлінді. Ал, орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі қалаларда 100 пайызға жетті. 2 ауылда ауыз су сапасы жақсартылды. Дегенмен жер асты суларын пайдаланып отырған бірқатар елді мекендерде жер асты су көздеріне қосылуда қиындықтар бар. Осы мәселені шешу үшін 66 елді мекенде жер асты ауыз су қорын анықтау үшін геологиялық барлау жұмыстары жүріп жатыр. Жетісу облысында газдандыруға жататын 192 елді мекеннің қазіргі кезде 22-сіне газ құбыры тартылды, 288 мың адам газға қол жеткізуге мүмкіндік алды. Соның ішінде 12 ауыл облыс құрылғаннан кейін газдандырылды. 2023 жылдың соңына дейін тағы 18 елді мекен газға қосылады.

Жетісу облысы елімізде алғашқы болып Талдықорған қаласында үкіметтік емес ұйыммен бірлесіп психоневрологиялық аурулары бар науқастарға арналған 50 орындық стационарлық орталық ашты. Сонымен қатар аймақта жаңа оқу жылына дейін 4 мектеп іске қосылып, 5 мектептің құрылысы басталады. Ал өткен бір жыл ішінде 2290 орындық 8 мектеп қолданысқа берілген. Сол сияқты 1 шілдеде Алакөл жағалауындағы Ақши ауылында «Жалын» лагері ашылады. Биыл 8,2 млрд теңгеге 14 спорт нысаны салынып жатыр, жылдың соңына дейін соның 11-і қолданысқа беріледі.

Жер жаннаты Жетісуда осындай игі істер көп. Мұндағы қауым өзінің табиғатына сай жанданып, тонның ішік бауындай бірігіп, ел тарихындағы тағылымды шежіресін, берекелі бүгінін, жарқын келешегін жасап жатқандай.

ТҮРКІСТАН ҚАЙТА ТҮЛЕП ЖАТЫР

Күллі түркі халықтарына ортақ әлемге әйгілі қасиетті мекен –Түркістанның облыс мәртебесін алғанына бес жыл толды.

«Екі дүние есігі» ретінде әлемдік өркениетте орны айшықталған аймақтың бүгінгі келбеті қандай? Өңірдің өзекті мәселелері не? Осы аптада Астанада ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметіне келіп, журналистермен брифинг өткізген облыс әкімі Дархан Сатыбалдының әңгімесінен осы сауалдарға жауап таптық. Түйгеніміз аймақта елге ырызық болар жобалар іске қосылып жатыр екен. Бүгінде 384 жаңа жұмыс орнымен жалпы құны 11 млрд теңге құрайтын 10 жоба бойынша жұмыс жүрде. Соның арқасында 10 айдың қорытындысы бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының оң өсімі байқалады. Жалпы, өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асты. Ал, өнеркәсіп өнімі есепті кезеңде 2 пайызға артып, жалпы 758 млрд теңгені құрады. Өсім негізінен сүт, тоқыма және электр жабдықтары өндірісінің есебінен болды.

Облыс өнеркәсібінің негізін тау-кен, яғни уран өндірісі құрайды. «ҚазАтомпром» ұлттық компаниясы уран өндіруші компаниялардың сұранысына сәйкес Созақ ауданында күкірт қышқылын өндіретін зауыт салмақ. Бұл жоба 250 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін дамыту үшін бірнеше маңызды жобаларды іске асыру көзделіп отыр. Мәселен, өңдеу өнеркәсібінде жалпы құны 30,2 млрд тг құрайтын 20 жоба іске қосылып, 594 жұмыс орны ашылмақ.

Облыс экономикасындағы маңызды саланың бірі ауыл шаруашылығында өнім көлемі 1 трлн теңгеден асып, өзге өңірлерден көш ілгері болды. Бұған егістікті әртараптандыру ықпал етіпті. Осы жұмыстың арқасында бақша өнімдерінен рекордтық 3,3 млн тонна жиналды. Нарықты отандық өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында биыл құны 16,7 млрд тг құрайтын 25 жобаны іске асыру көзделсе, соның құны 14,1 млрд тг болатын нақты 22 жоба қосылды. Нәтижесінде 396 жұмыс орны ашылды. Салада жаңа технология кеңінен қолдануда. Қарқынды бау көлемі биыл 5 405 гектарға жеткізіліп, өнімділік 5 есеге артты. Бұрын бұл көрсеткіш 60-70 центнер болса, қазір 300-350 центнерге дейін өнім жиналуда. Су үнемдеу технологиясы бойынша «Бір алқаптан жылына 2-3 өнім алу» жобасы 9 403 гектарға өндіріліп, суды 2 есе үнемдеуге мүмкіндік берді. Жылыжайлардың жалпы



көлемі 1 640 гектарға жетіп, 140 мың тонна өнім жиналды. Енді 100 гектардан агроаймақ құрып, 2027 жылға дейін 500 гектарға жаңа жылыжай салу жоспарланып отыр екен.

Мал шаруашылығының дамуы бойынша да облыс республикада алдыңғы орында. Бүгінде мал басы өнімділігі орташа есеппен 5 пайызға өсіпті. Оның ішінде ет экспорты арты. Биыл 10 мың тонна ірі қара мал, 4,6 мың тонна қой еті сыртқа сатылыпты.

Облыс халқының 80 пайызы ауылда қоныстанған. Негізгі кәсібі – ауыл шаруашылығы. Онда басқа саламен салыстырғанда табыс төмен. Осыған орай, ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасы 6 бағытта іске асырылуда. Бұл мақсатқа бюджеттен 19,8 млрд теңге бөлінді. Серпінді жобаға 64 ауылдық округ белгіленді. Бүгінгі таңда, 14,8 млрд теңгеге 2 496 жоба қаржыландырылды. Жобаны іске асыру нәтижесінде 3 413 жаңа жұмыс орны ашылады, қосымша 30 млрд теңгеге өнім өндіріледі. Жобаға қатысушылардың орташа табысы өседі, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны азаяды, қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі ұлғаяды деген үміт бар.

Түркістанда экономиканың бел омыртқасы – шағын және орта бизнесті қолдау айрықша назарда екен. Соның арқасында аймақта

кәсіпкерлік субъектілер саны жыл сайын өсіп келеді. Олардың басым бөлігі ауыл шаруашылығы (48,3%), сауда (23,3%), туризм (20,3%) және өнеркәсіп (6%) саласында. Жыл басынан олардың саны 28 мыңға артып, бүгінгі таңға 213 мыңға жетті. Жыл басынан 1 трлн теңгенің өнімі шығарылды. Шағын және орта бизнес секторы бүгінде 21,3 млрд теңге жеңілдетілген несиелен қамтамасыз етілді. Келесі жылы бұл қаржылық көмекті 40 млрд теңгеден асыру жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын ашу» бастамасы аясында 26 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Жылдық жоспар 22 мың болған. Өз ісін ашуға ниетті 1 688 адам қайтарымсыз грант алды. Жалпы 2,3 млрд тг бөлінді, 1 адамға 1,4 млн тг. Сонымен қатар 583 жастарға 2,5%-бен жеңілдетілген шағын несие ұсынылды.

Аймақтағы қарқынды жүріп жатқан жұмыстың бірі тұрғын үй құрылысы екен. Д.Сатыбалды мырзаның айтуынша, Түркістан облысы баспана кезегінде тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамтудан еліміз бойынша алғашқы орындарда тұр. Биыл 10 айда 1 072 отбасы баспанамен қамтамасыз етілді. Биылғы жылдың соңына дейін 199 мың шаршы метрді құрайтын 59 көпқабатты үйді тапсыру жоспарлануда. Бұл 3 341 отбасы баспаналы болады деген сөз. Сонымен қатар 55 тұрғын үй, яғни 1077 пәтер күрделі жөндеуден өтіп

жатыр. Жалпы облыс құрылғалы, 2018–2023 жылдары кезекте тұрған 6 303 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіліпті.

Журналистер сауалына орай аймақ басшысы аймақтағы мектептердің қауіпсіздігіне байланысты атқарылған жұмыстарды ортаға салған еді. Өңірдің білім беру саласына 2 526 ұйым қызмет көрсетеді екен. Президенттің тапсырмасына сәйкес, 1-4 сыныптағы оқушылар тегін ыстық тамақпен және мемлекеттік мектептердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі толық шешілді. 1393 мектепке дейінгі ұйымда 155 мың бала тәрбиеленуде. 2-6 жастағы балалардың балабақшамен қамтылуы 98,5 пайыз. Сонымен қатар «Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде 3 жылда 63 мектеп салынады (жобалық қуаты 49 мың орын).

Денсаулық сақтау ісі бойынша да жағымды жаңалықтар бар. Облыста 46 медициналық ұйым жұмыс істеп, оларда 5 517 дәрігер және 19 164 орта персонал халыққа қызмет көрсетеді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауылдарда 49 жаңа нысан салыну жоспарланды. Бұл орайда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес босандыру және жан сақтау қызметтерінің медициналық жабдықтармен қамтылуына үлкен назар аударылды.

Жалпы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында бірқатар жұмыстар қолға алынған. Соның ішінде инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бүгінгі таңда, орталықтандырылған ауызсумен қамтылған елді мекендердің жалпы саны 719-ға жетіп, қамту деңгейі 86,4 пайыз болды. Биыл 20 елді мекенге жаңадан ауыз су құбыры салынып, 11 ауылдың тозығы жеткен су жүйелері жаңартылады.

Табиғи газбен қамтамасыз ету бойынша да жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылууда. 465 елді мекенге газ жүргізіліп, қамту деңгейі 56 пайызға жетті. Биыл 63 нысанның құрылысы аяқталып, қосымша 52 елді мекен табиғи газға қосылуға мүмкіндік алады. Нәтижесінде, жалпы газбен қамтылған елді мекендер саны 517-ге жетіп, қамту деңгейі 63 пайыз болады.

Киелі өңір осылайша қайта түлеуде. Барлық игілік өңірдің түркі тарихындағы орнымен қатар бүгінгі өркениеттік келбетін айшықтай түсері даусыз.

Бетті дайындаған
А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БИТІМ



Жаһандық экономика мен халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгерген әлемде еліміз тыныштықтың ордасына айналып, әрбір қазақ баласы ашық аспан астында бейбіт өмір сүреді. Осынау алмағайып заманда бірлігімізді сақтап, табанды еңбек ете отырып, ортақ Отанымызды көркейтеу, Әділетті Қазақстанды құру – бәріміздің міндетіміз.

Заң және тәртіп, өзара түсіністік бәрінен биік тұратын мемлекетте заң үстемдігін қамтамасыз ету өте маңызды. Осы орайда, елімізде азаматтардың сотқа деген сенімін арттыру бағытында жүйелі реформалар жүргізіліп келеді. Атап айтсақ, сот қызметі толығымен ақпараттық технологиялармен жабдықталып, азаматтық процестегі судьяның белсенділігі артты, алқабилер соты қарайтын істер санаты кеңейтілді. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданып, «Түнгі сот», «Отбасылық сот» пилоттық жобалары сәтті жүзеге асырылды. Одан бөлек, медиацияны дамытуда жүргізіліп жатқан жұмыстардың орны бір төбе.

Биыл Түркі мемлекеттері ұйымының Х саммиті өтті. Аталған іс-шарада Мемлекет басшысы бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түсудің маңызына тоқталып, сегіз мәселеге басымдық беретінін атап өтті. Оның ішінде медиация да бар. Себебі, халқымыз «Ұрыс болған жерде ырыс тұрмайды» деп ел арасындағы дау-жанжалды сыртқа шығармай шешуге тырысқан.

Елімізде «Медиация туралы» заң қабылданып, билер

ҰРЫС БОЛҒАН ЖЕРДЕ ЫРЫС ТҰРМАЙДЫ

соты жаңғыртылып, тәжірибеге «медиатор», «партиципативтік рәсім» ұғымының енгізілгеніне де он жылдан асты. Осы жылдар ішінде медиация дау-дамайды шешудегі тиімді құрал екенін көрсетті. Бүгінгі медиацияда тараптар медиаторды ерікті түрде таңдауға, тіпті, медиатордан бас тартуға, медиацияның кез келген сәтінде оған қатысудан бас тартуға, медиацияны жүргізуге жеке өзі немесе сенімхат бойынша өкілдері арқылы қатысуға құқылы. Бүгінде медиация отбасы дауында, туған-туыс, көршілер арасындағы келіспеушілікте, еңбек дауынан бөлек, тартысқа толы ірі экономикалық, қоршаған ортаны қорғаумен байланысты дауларды шешуде де тиімді қолданылууда. Әрине, мүлкілік қатынастарды, инвестициялық дауларды бітістіру жолымен шешкен жөн. Бір кәсіпкерлердің қаражаты мен уақытын үнемдеп, арадағы іскерлік қарым-қатынасты сақтап қалады. Сондай-ақ, кәсіпкерлердің құқықтық сауатын арттыруда және татуласу рәсімімен таныстырып, дау-жанжалды сотқа дейін шешуде «Атамекен» Маңғыстау облысы кәсіпкерлер палатасының құқықтық қызмет орталығында ашылған татуласу қызметі секторының үлесі зор. Аталған орталық медиаторлардың шағын және орта бизнес субъектілеріне, кәсіпкерлер мен басқаларға құқықтық консультация беруге бағытталған.

Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2023 жылғы 11 айда 3949 талап қою арызы түсіп, 3845-і қаралған. Оның ішінде медиациямен 368, бітімгершілікпен қысқартылғаны – 167. Осылайша тараптар туындаған дау-жанжалды баламалы тәсілмен реттеуде уақытын үнемдеп, мемлекеттік баж салығынан босатылууда. Бұл «татулық бар жерде береке бар» екенінің дәлелі.

Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ, Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

МЕДИАЦИЯ БІРЛІККЕ ҮНДЕЙДІ

Қазақ тарихында түрмеге қамау немесе бас бостандығынан айыру секілді жазалау шаралары болмаған. Адам шығыны орын алған жағдайдың өзінде ол құн төлеумен өтелген, яғни, дана билеріміз ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп, халықты бәтуға келтіріп отырған. Қазақ билерінің бітімгерлік рәсімі олардың небір шиеленіскен дауды дала заңына сүйеніп, қисынды сөз құдіретімен тоқтатқанын көрінеді.

Қай заманда да билер ханға да, қараға да бұра тартпай, дауласушыларды өзара бітістіруді ойластырған. Даулы мәселелер өш алу, есе қайтару мақсатымен емес, гуманистік құндылықтар аясында ел тыныштығын, ағайын татулығын сақтау тұрғысынан қаралған. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» ұстанымын берік ұстанған қазақ билері дауды ел алдында жариялы түрде шешкен, яғни, барлық оқиға жұртшылықтың көз алдында өрбіген. Тіпті, дауласушы тараптардың пікірталасы, тартқан куәгерлері мен келтірген дәлелдерінде құпиялық болмаған.

Дау шешудегі ашықтық, сонымен қатар, билер шешімінің міндетті түрде орындалуы олардың беделін одан әрі нығайта түсті. Екі жақ келісіп тұрса да жауапкердің өз міндетін орындауға шамасы келмеуі мүмкін. Сондай жағдайдың өзінде билер оны қиыншылықтан ағайын-туыстың көмегімен алып шығуды көздеген. Бұл олардың «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген даналықты ұрпақ санасына сіңіріп, қазақ халқының

бауырмалдылығы мен ынтымағын мәңгі ету мақсатын көрсетеді.

Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі нәтижесінде қалыптасқан құқықтық мәдениетінде көп халықта кездесе бермейтін еркіндік бар. Мысалы, олар билер сотының шешімімен келіспесе, өзінің қарсы пікірін білдіріп, абыройын, ақтауға құқылы болған. Халық түсінігінде соттың басты міндеті – үкім шығарып, айыпталушыны қайткенде де жазалау емес, төрелік етіп, әділеттілікті орнату болған.

Бабаларымыздан жеткен осынау тамаша тәсіл тәуелсіз мемлекетімізде қайта жаңғыртылып, арнайы заңға айналды. Халық бүгінде медиацияның мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануда. Сотқа жүгінушілерге бұл орайда дауды өзара реттеудің артықшылықтары түсіндіріліп, бағыт-бағдар беріледі. Уақыттары мен қаржылары үнемделетінін білген тараптар дауды сотсыз бітіруге келіседі. Мысалы, медиация қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, т.б. заңнамаларға арнайы тарау болып енгізілді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске қатысты айтар болсақ, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық кезеңінде сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация, партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы істі толықтай немесе ішінара аяқтай алады. Олар өзара келісімге келуде аталған рәсімдердің өздеріне тиімдісін таңдайды немесе тараптардың жауапкердің әкімшілік қалауының негізінде татуласу мүмкіндігі

бар. Бірінші сатыдағы сотта әкімшілік іс медиация туралы келісімді бекітетін судьяға беріледі. Айта кетерлігі, медиацияны іс материалдары өзінде болған судья да жүргізе алады. Бұл тараптардың өтінішхаты негізінде жүзеге асады. Ал, апелляциялық сатыда медиация соттың алқалы құрамындағы судьялардың біріне беріледі. Кассациялық сатыға тараптар келісіммен бірге дауды медиативті келісім жасасу арқылы реттеу туралы өтінішхатты да ұсынады. Егер басқа адамдардың қатысуы дауды реттеуге ықпал етсе, сот оларды медиацияға шақырады. Медиация рәсімінде бес қағида, яғни, еріктілік, тараптардың теңдігі, медиатордың тәуелсіздігі, оның барысына ешкімнің араласпауы, құпиялық сақталады. Дауды тараптардың өздері бітіруіне жеткілікті деңгейде әсер ете білу медиатор, судья, т.б. болсын үлкен жауапкершілік пен шешендікті талап етеді. «Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» дейтін бабалар сөзі халқымызды қандай істе де келісімге келуге үндейді.

«Дау мұраты – бітім» ұстанымын жалғастырған соттар Медиация туралы заңның артықшылықтарын көпшілікке үздіксіз жеткізуде. Сондықтан, билер соты – дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан билік институтының құқықтық нормаларды реттеудегі озық үлгілері ұрпақ жадынан өшпейді.

А.ЖАНАБАЕВА, Маңғыстау облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының сот әкімшісі

БАҒДАР

Медиация сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы, яғни тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Медиация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру деп тануға болады.

ӘДІЛ ТӨРЕЛІК – СОТ АЙНАСЫ

Ежелден туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі дауласушыларды бітімге келтірген.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Ұлы қазақ даласының белгілі дара тұлғалары – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған дана билеріміз ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолымен аяқтаған. Демек, «Медиация туралы» заңымыздың аты бөлек болғанымен, қазақ халқы үшін заты таныс дүние.

Медиацияны жүргізу кезінде дауды реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар қол қояды. Келісімде медиация тараптары, даудың нысанасы, медиатор туралы деректер, сондай-ақ тараптар келісімнің шарттары, оларды орындау тәсілдері мен мерзімдері және оларды орындамаудың салдары қамтылуға тиіс. Дауды реттеу туралы келісімді медиация тараптары ерікті түрде осы келісімде көзделген тәртіппен және мерзімінде орындауға тиіс. Азаматтық істі сотта қарағанға дейін жасалған дауды реттеу туралы келісім тараптардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған мәмілені білдіреді.

Мұндай келісім орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, келісімді бұзған медиация тарапы Қазақстан заңдарында көзделген тәртіппен жауаптылықта болады. Азаматтық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім дереу іс жүргізуінде азаматтық іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды реттеу туралы келісімді сот ҚР Азаматтық процестік кодексіне көзделген тәртіппен бекітеді.

Қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар жәбірленушіге келтірілген залалдың орнын толтыру және қылмыс жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы жолымен дау-шарды реттеу туралы келісімге келеді. Аталған келісім дереу қылмыстық іс жатқан қылмыстық процесті жүргізетін органға жіберіледі және ҚР Қылмыстық процестік кодексіне көзделген жағдайларда қылмыстық қудалауды болдырмайтын не оны жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жай болып табылады. Дауды реттеу туралы келісім оған тараптар қол қойған күні күшіне енеді.

Ерлан ҰШБАЕВ, Шахтинск қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ЖИЫН

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ – ЖАС БУЫНҒА МІНДЕТ

Байқоңыр қалалық сотында Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығын атап өту мақсатында қалалық сотта еңбек еткен ардагерлермен және бұрынғы қызметкерлермен кездесу ұйымдастырылды.

Мерекелік кездесуді төраға Т.Жүсіпов өзінің құттықтау сөзімен ашып, сот жүйесінің дамуына зейнеткерлеріміз бен сот қызметкерлерінің үлесі ерекше екенін айта келіп, білім мен өмірлік тәжірибесі мол, адамгершілік, әділдік, ізгілік қасиеттерін биік қойған ардагерлеріміз жауапты қызметтерді атқарып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына өлшеусіз еңбек сіңіргенін, олардың баға жетпес еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын атап өтті.

Жиын барысында төраға Т.Жүсіпов өнегелі өмір жолында қалалық сотта аянбай еңбек етіп, құрметті зейнеткерлікке шыққан, қазіргі таңда Ақтөбе қаласында тұрып жатқан, мерейлі жиынға арнайы келген Төкешова Арман Жаңабайқызына сот жүйесіндегі үлгілі қызметі үшін алғысын білдіріп, тәлім-тәрбиесі, білімі мен біліктілігі кейінгі буынға әрдайым үлгі болатынын айта келіп, қалалық соттың беделін асқақтатып, заң үстемдігінің берік орнығуына қосқан үлесі үшін Алғыс хат табыстады.

Сонымен қатар, мерейтойлық жиында төраға қалалық сотта еңбек еткен бұрынғы қызметкерлердің де

ерекше еңбегіне тоқталды. Сот жүйесін жетілдіру жолында үздіксіз еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтап, қазіргі таңда адвокаттық, нотариат, құқық қорғау, орындаушылық, атқарушылық жүйелерде абыройлы қызмет атқарып жатқан қалалық соттан түлеп ұшқан қызметкерлерге де Алғыс хаттар табыстап, құрмет көрсетті.

Кездесуде ардагерлер мен бұрынғы қызметкерлер өздері қызмет атқарған уақыттағы қиыншылықтармен қызықты сәттерді еске алып, сот жүйесін қалыптастыру кезеңіндегі ауыр сәттерді айтты. Қазіргі таңда сот қызметкерлеріне қолайлы жағдай жасалғанын, электронды сервистердің жұмысты біршама жеңілдеткенін атап өтіп, жас буынға қызметтеріне жауапкершілікпен қарау жолында шыдамдылық пен табандылық тілеп жылы лебіздерін білдірді.

Жиын соңында сот қызметкерлерінің және Төретам кенті Мәдениет үйінің өнерпаздарымен бірлесіп дайындалған концерттік бағдарлама қонақтар назарына ұсынылды.

Байқоңыр қалалық соты ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

САРАП

«Медиация туралы» заң 2011 жылдың 11 қаңтарында қабылданған болатын. Заң талабына сәйкес 2021 жылдың 1 шілдесіне дейін тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға медиация рәсімі қолданылмайтын. Елімізде әкімшілік әділет өз жұмысын бастаған, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қолданысқа енгізілген күннен бастап, мемлекеттік басқару қатынастарынан туындайтын жария-құқықтық дауларды медиация тәртібімен реттеу тәжірибесі кеңінен қолданысқа ие болды.

ӨРПК-нің 120,121- баптарының талаптарына сай әкімшілік сот ісін жүргізуде сот процестің бүкіл сатысында тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды реттеуге жәрдемдеседі.

Сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізудің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін тараптар татуласу, медиация немесе дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Осы татуласу шараларының бірі – дауды медиация тәртібімен реттеу.

ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДА МӘМІЛЕНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Ескере кететін жағдай, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде жеке және заңды тұлғалар қатысатын дауларға (жанжалдарға) медиация рәсімі Қазақстан заңдарында көзделген жағдайларда қолданылады (заңның 1-бабының 3-тармағы).

Сотта медиация жүргізу тәртібі ӨРПК-нің 121-бабымен белгіленген.

Медиация рәсімі қалай жүргізіледі? Әдетте, бірінші сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс медиация туралы келісімді бекітетін басқа судьяға беріледі. Алайда, тараптардың өтінішхаты болған жағдайда, медиацияны әкімшілік іс өзінің іс жүргізуіндегі судья жүргізе алады. Апелляциялық сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс соттың алқалы құрамының судьяларының біріне беріледі. Ал, кассациялық сатыдағы сотта дауды медиативті келісім жасасу арқылы реттеу туралы өтінішхатпен бір мезгілде тараптар аталған келісімді ұсынуға тиіс.

Талапқа сай, медиация жүргізетін судья медиация жүргізетін күнді тағайындайды және тараптарға оның күздікелілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Егер басқа адамдардың

қатысуы дауды реттеуге ықпал ететін болса, сот оларды медиацияға шақыруға құқылы. Медиация рәсімін жүргізуде назарға алынатын міндетті шарттар:

1. Жауапкердің (әкімшілік орган, лауазым иесі) әкімшілік қалауы болған кезде ғана тараптардың дауды медиация тәртібімен реттеуіне жол беріледі. Мысалы, әкімшілік органның өз әкімшілік актісінің күшін жою, қолайлы әкімшілік акт қабылдау құзыретінің болуы.
2. Келісім тараптардың еркі негізінде жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе тиісті өкілеттігі бар олардың өкілдері қол қояды. Егер тараптардың біреуі дауды медиация рәсімін жүргізу арқылы реттеуге қарсы болса, сот мәжбүрлеп жүргізе алмайды.
3. Медиация рәсімі тәртібімен реттеу туралы келісім мәжбүрлеу тәртібімен орындаушылық талаптарға сай келуі керек. Бұл дегеніміз, келісім шарттарының мәжбүрлеп орындау тетіктерін қолдану, яғни атқару парағын орындауға ұсыну арқылы орындалу мүмкіндіктерін ескеру.
4. Келісім тараптарды татуластыратын шарттарды, сондай-ақ сот шығаратын, оның ішінде өкілдер көрсеткен қызметке ақы төлеуге

арналған шығыстарды бөлу тәртібін қамтиды.

5. Келісімнің шарттары заңға қайшы келмейтін, басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтын болуы керек.

Сот медиация туралы келісімді бекіту мәселесін сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қарайды, іске қатысушылардың пікірлерін тыңдайды. Одан әрі, келісімді бекіту туралы тараптардың өтініші бойынша шешім қабылдау үшін сот залынан шығып, келісімнің мазмұны мен шарттарын зерделей отырып, жоғарыда аталған мән-жайларға баға береді. Нәтижесінде, келісімді бекіту не одан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарады. Қазіргі уақытта, сот тәжірибесінде жария-құқықтық дауларды татуласу немесе медиация рәсімдерін жүргізу арқылы шешу мүмкіндіктері мейлінше кеңінен қолданылып келеді.

Ағымдағы 2023 жылдың 10 айында Шымкент қаласының әкімшілік сот өндірісіне түскен барлығы 1420 әкімшілік істің 123-і бойынша татуластыру келісімдері (57-татуласу, 66-медиация) жасалып, бекітілді. Бұл дегеніміз, жария-құқықтық дауларды татуласу немесе медиация рәсімдерін жүргізу жолымен шешу азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтірудегі оң нәтижелердің айғағы.

Т.ҮМБЕТОВА, Шымкент қаласының МАЭС судьясы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, КОНКУРС!

Қарағанды қаласының әкімдігі Қарағанды қаласында орнатылатын аллеялар «Алаш» мемориалдық сәулет ансамблінің ең үздік жобасына ашық конкурс өткізілетінін хабарлайды. Конкурстық жобаның құрамы және басқа шарттары конкурстық құжаттарда көрсетілген.

Конкурсқа қатысуға еліміздің барлық өңірлерінен мүдделі заңды және жеке тұлғалар, сәулетшілер, мүсіншілер, жобалық институттар, шығармашылық студиялар шақырылады.

Конкурстық құжаттардың электрондық нұсқасын төмендегі мекенжайдан:

100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 45-үй, «Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ, тел. 8 (7212) 785525, 421461, E-mail: karkultura@mail.ru тегін алуға болады.

Конкурсқа қатысу туралы конкурстық тапсырыс, желімделген конвертте Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 45-үй, «Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тапсырылады (жіберіледі).

Конкурстық тапсырысты берудің соңғы уақыты 2024 жылдың «1» ақпан 18.00 сағатқа дейін.

Конкурстық тапсырысты конверттерін ашу 2024 жылдың «2» ақпан сағ. 10.00 төмендегі мекенжайда өткізіледі: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39-үй, «Қарағанды қаласы әкімінің аппараты» ММ, мәжіліс залы.

Ұсыныс берушілер конкурстық тапсырыстар бар конверттерді ашу кезінде қатысуларына болады.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы мына телефондардан алуға болады: 8 (7212) 785525, 421461.

«АЛАШ» АЛЛЕЯСЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАРЫН ҮРІКТЕУ БОЙЫНША АШЫҚ КОНКУРС ЕРЕЖЕСІ

Конкурс туралы Қарағанды қаласының әкімдігі өткізеді. Тікелей жобалық ұсыныстарды үріктеуді конкурс комиссия жүзеге асырады. Конкурс комиссияның жұмыс мерзімі – Қарағанды қаласы әкімінің өкімімен бекітілген күннен бастап 2024 жылдың «1» ақпан сағат 18.00-ге дейін.

Байқаудың мақсаты – барельефтер немесе гольефтер (ескерткіш орнатусыз) түріндегі Алаштан «Желтоқсан оқиғасына» дейінгі қозғалыстың тарихи мен идеясын ашатын Алаш Орда көсемдерінің қанатты сөздерімен «Алаш» аллеясының үздік жобасын, сондай-ақ Алаш қозғалысы бекіткен идеялардың мұрасы мен мәңгілігін бейнелейтін үздік жобаны анықтау.

Конкурсқа ұсынылған жобалар ансамбльдік үйлесімді шешіммен қорытындыланған жоғары идеялық және сәулеттік-көркемдік деңгейде орындалуы тиіс.

1. Конкурсның бағдарламасы

Ескерткіштердің жобасын үріктеу талаптары: Жоғары көркемдік деңгей, эстетикалық мәнерлік, идеялық мазмұндылық, көркемдік тұтастық пен ерекше бітіме болуы;

Аллея аластан көз тартып, жергілікті кен көріністің

(панорама) өзекті композициясына айналуы керек; Аллеяда Тәттімбет көшесі жағынан кіреберіс тобы және Республика даңғылы жағындағы бөлігінде жеңіл үлгідегі кітапхана құрылысы, сондай-ақ шағын архитектуралық формалар, қазқаша стильдегі балалар алаңы болуы тиіс.

2. Конкурстық жоба ұсыныстарының құрамы және ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар

Конкурстық материалдар құрамында ұсынылатын құжаттар:

1. Орналастыру сызбасы М 1:2000
2. Бас жоспар М 1:500
3. Аллеяның көркемдік шешімі мен кеңістікті ұйымдастырудың негізгі идеясы мен принциптерін баяндай отырып, №14 өлшемде «TimesNewRoman» шрифтімен бірінші жоларалығымен басылған 2 беттен аспайтын мөтінінен тұратын, 2 дана қысқаша түсініктеме жазба.

Орналастыру сызбасы, бас жоспар 60х90 см планшеттерде және А3 форматтындағы альбомда ұсынылады. Графикалық орындау әдісі – түсті. Электрондық форматта жобаның толық рендерін кемінде 4к (3840х2160) ажыратымдылықта ұсыну қажет.

3. Конкурстық шарттары

1. Конкурсқа қатысуға мүдделі заңды және жеке тұлғалар, сәулетшілер, мүсіншілер, жобалық институттар, шығармашылық студиялар шақырылады.
2. Аллея идеясын ашу үшін конкурсқа қатысушыларға Алаш орданың тарихымен және «алаш» сөзінің этимологиясымен танысу, мүмкіндігінше Сарыарқа

көшесінде орналастыра отырып, конструкциялардың тиісті ауқымды құрылысы мен физикалық параметрлерін айқындау мақсатында Болашақ аллеяның орналасқан жеріне бару қажет.

Аллеяның орналасқан жері: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Сарыарқа көшесінің бір бөлігі (Тәттімбет көшесіне Республика даңғылына дейін).

3. Авторлар конкурс материалдарын «Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ-не 2024 жылдың «1» ақпан күні сағат 18.00 дейін табыс етуі тиіс.

4. Комиссияның қарауында 1 орын алған жоба Қарағанды қаласының аумағында жүзеге асырылады. 2 орын алған жоба 700 000 (жеті жүз мың) теңге сомасында, 3 орын 500 000 (бес жүз мың) теңге сомасында сыйақымен марапатталады.

5. Конкурс жобалары алты таңбалы сандармен белгіленген ұранмен ұсынылады. Ұран байқауға ұсынылған жоба материалдарының, сондай-ақ ұран конвертінің оң жақ бұрышына жазылады (биіктігі 1 см). Жобаға қосымша желімделген ұрандық конвертте автордың аты-жөні, тегі көрсетілген ақпараттық парақ тіркеледі.

Конкурс шарттары сақталмаған жобалар байқауға жіберілмейді және комиссияда қаралмайды.

6. Бағдарлама және байқау шарттары бойынша мына мекенжайға хабарласыңыздар: 100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 45-үй, «Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ, тел. 8(7212) 421461, 785525.

ТАРАТУ

2. «Ынтымақты» өндірістік кооперативі, БСН 140740013430, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, ОҚО, Қазығұрт ауданы, Қаржан ауылы, Ж.Жұматаев көшесі, 74-үй.

3. «Ariget» ЖШС, БСН 160640016227, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Айнабұлақ» ықшамауданы, 118, 21 кеңсе, тел.: +77476189435.

4. «УАХХАВ» ЖШС, БСН 230540027294, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Шаңырақ-1» ықшамауданы, Егемен көшесі, 12-үй, тел.: +77844473040.

5. «ІФС КЗ» ЖШС, БСН 190340016539, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20/1, 202 кеңсе.

6. «Көктем КМ» ММИБ, БСН 220540013877, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Счастное көшесі, 23 б/н, тел.: 87015645159.

7. «Желтоқсан КМ» ММИБ, БСН 220440016947, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Счастное көшесі, 23 б/н, тел.: 87015645159.

8. «Pearl Mining» ЖШС, БСН 230340003389, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Мыңбаев көшесі, 151 ғимарат, тел.: +77783085560.

9. «Бөрлі Company» ЖШС, БСН 210740021853, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Алғабас» ықшамауданы, Түпқараған көшесі, 4, тел.: 87076366969.

10. «Жылуан су * су тұтынушылар қоғамы*» қоғамдық бірлестігі, БСН 990740008391, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жанкент ауылы, Әбілда Тобаев көшесі, 53 үй, тел.: 87026010104.

12. «ALMAS 2019» ЖШС, БСН 190540012593 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, әл-Фараби көшесі, 20 үй, 109 пәтер.

13. «МСломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 130540006409, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Циолковский көшесі, б/1 үй, 62 пәтер.

15. «ENFORCEMENT» ЖШС, БСН 110240012240, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Сейфуллин көш., 499а үй. Тел.: 87010800042.

16. «Redigе company» Арнайы қаржы компаниясы» ЖШС, БСН 120640003852, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Прокофьев көш., 148 үй, 183 пәтер. Тел.: 87010800042.

17. «Standard telecommunications» ЖШС, БСН 120340018215, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Каболов көш., 22Б. Тел.: 87053199999.

18. «Standard technologies» ЖШС, БСН 120140001838, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Каболов көш., 22Б. Тел.: 87053199999.

19. «Financial Services Company» ЖШС, БСН 181040014939, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Каболов көш., 22Б. Тел.: 87417105534.

20. «JetCash» ЖШС, БСН 150740008812, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Байсеитова көш., 1 үй, 21 кеңсе. Тел.: 8 777 589 99 99.

21. «Fourlines» ЖШС, БСН 220740023148, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Каболов көшесі., 22Б. Тел.: 8 701 080 0042.

22. «Planet of stationery» ЖШС, БСН 180940022692, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Каболов көш., 22Б. Тел.: 8 701 277 07 99.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе.
www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.кыялысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривоноза Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Калиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшінов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

ӨРТҮРЛІ

33. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлікті сату бойынша аукциондар өткізеді.

Өтетін орны: Астана, А.Кравцов көшесі, 6
Өткізілетін күні: 10.12.2023 - 20.12.2023 ж.ж.
Анықтамаға арналған телефон: +7 775 371 29 69
Лиц. 01.21.0009Л

37. «Apple City Corps» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 060840003599, өзінің бөлініп шығып, жаңа «Целинная Фабрика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (мекенжайы: Астана қаласы, Пушкин көшесі, 73 үй) құруы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Каболов көшесі, 1/7 үй. Тел.: 87272500550.

51. «КТМ Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 211240034483, өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларын жарғылық капиталдың азаюы туралы хабардар етеді. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 52а ғимарат, т.б.е. 9.

БАНКРОТТЫҚ

11. Алматы қаласы МАЭС-ның 2023 жылғы 17 қарашадағы ұйғарымымен «New construction» ЖШС-не қатысты банкроттық рәсімдердің қозғалғанын мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіміз.

МҰРАГЕРЛІК

14. 4.09.2023 ж. қайтыс болған Усубалиев Серик Жаксикевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері нотариус Э.А. Орынбаеваға мына мекенжайға келуі тиіс: Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 88В үй. Тел.: 87024266223.

54. 20.06.2023 ж. қайтыс болған аз.Жанетова Рая Сәрсенбайқызына қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы, Тел.: 87014743502.

38. 2023 жылғы 3 қыркүйекте қайтыс болған Идрисова Насип Исляшевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері нотариус Елеуова Айнаш Утегеновнаға мына мекенжайға келуі тиіс: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 142 үй, 47 кеңсе. Тел.: 87017621107.

42. 13.04.2016 жылы қайтыс болған Әлқайырова Назирнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отан» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Койкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вудай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

БІЛГЕН ЖӨН

Алимент қатынастары – бұл заңда көзделген фактілер негізінде туындайтын құқықтық қатынастар: соттың шешімі, сот бұйрығы немесе тараптардың келісімі бойынша, отбасының кейбір мүшелері отбасының басқа мүшелерін қамтамасыз етуге міндетті.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексіне сәйкес алимент өндіріп алынуы мүмкін:

– кәмелетке толмаған балаларға, олардың ата-аналарынан ай сайын: бір балаға – 1/4, екі балаға – 1/3, үш және одан да көп балаға ата-аналарының табысының және өзге де та-

АЛИМЕНТ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

быстың жартысы мөлшерінде. Бұл үлестердің мөлшерін тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және назар аударарлық өзге де мән жайларды ескере отырып сот азайтуы немесе ұлғайтуы мүмкін;

- еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға;
- еңбекке жарамсыз мұқтаж ата-аналарға;
- еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайына;
- жүктілік кезінде және ортақ баланың туған күнінен бастап үш жыл ішінде жұбайына;
- мүгедектігі бар ортақ балаға он сегіз жасқа толғанға дейін, сондай-ақ мүгедектігі бар ортақ бала мүгедектіктің бірінші немесе екінші тобына он сегіз жасқа толғаннан кейін оны белгілеген жағдайда, мұқтаждарға күтім жасайтын жұбайына.

Алимент міндеттемелері басқа отбасы мүшелерінде де туындауы мүмкін. Мәселен, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 151, 152, 153, 154, 155-баптарына сәйкес алимент бойынша:

- туған кәмелетке толмаған інілері мен әпкелерін асырап-бағу бойынша еңбекке қабілетті бауырлар мен апа-сіңлілер;
 - немерелерін асырау бойынша аталар мен әжелер;
 - немерелерін атасы мен әжесін асырау;
 - тәрбиеленушілерді іс жүзінде оларды тәрбиелеген адамдарды ұстауға;
 - өгей әкесі мен өгей шешесін асырау бойынша өгей балалар мен өгей қыздарды қарауға міндетті.
- Көрсетілген кодекстің 151,155-баптарында көрсетілген адамдарға алимент төлеу

мөлшері мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалуы мүмкін. Тараптардың келісімі болмаған кезде сот тәртібімен өндіріп алынатын алимент жағдайына және алимент төлеу мөлшерін әрбір жекелеген жағдайда алимент төлеушінің және алимент алушының материалдық отбасылық жағдайының қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткішке еселенген қатынаста тараптардың басқа да назар аударарлық мүдделеріне сүйене отырып, сот белгілейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында отбасы мүшелерін материалдық жағынан қолдау міндеті белгіленген.

Д.Б. КАЛУЕТОВА
Шахтинск қалалық соты
әкімшісі сот мәжілісінің
бас маманы-сот отырысының
хатшысы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

52. ҚАР КӨШКІНІ ҚАУІПІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қар көшкіні – бұл тау беткейінде жатқан қалың қардың тұрақтылығының бұзылуына байланысты қардың тез жылжуы.



Түркістан облысы аумағында жалпы ауданы 216 500 м² құрайтын, 71 шаруашылық жүргізу нысаны орналасқан және шамамен 226 адам тұратын, Өгем, Машат-су, Жабағылы-су және Балдыберек өзендерінің алаптарында орналасқан қар көшкінінің **10 қауіпті аймағы** анықталған.

Қар көшкіні қауіпінің белгілері:

- қар қалыңдығы 20-30 см,
 - қысқы қардың көп көлемде түсуі;
 - қыс мезгілінде ұзақ уақыт күннің суықтығы немесе ауа райының жылынуы;
 - қар үстіне жауын-шашынның түсуі;
 - қар қаңқасын жасаушы қатты жел және тау беткейлеріне қарды үрлеп тастауы; тау беткейлеріндегі қар қалыңдығының биіктігі 30-60 см мөлшерден артық болуы;
 - қар жамылғысының ұйтқуы және жатуы, тау жоталарында жарықшақтың пайда болуы.
- Жел қар көшкінінің қалыптасуы кезіндегі негізгі әрекет етуші күш болып табылады.

Қар көшкіні қауіпі бар аудандарда болған кездегі қауіпсіздік шаралары:

- Көшкін апаттарының статистикасы адамдардың қаза болуын сипаттайтын барлық үйінділер тікелей адамдардың өздерінен болғандығын көрсетеді. Қар қалың түскен жоталарға шықпай, тек тапталған жолдармен ғана жүріңіз.
- Таулы жерлердегі жағдайларды ұдайы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламасынан тыңдаңыз.
- 2-3 күн қатарынан қар жауғанда тауға шықпаңыз.
- Ірі беткейлердің қиылысынан алыстап, аяқ астынан қардың шуы естілсе тез арада қозғалысты тоқтатыңыз.
- Көктем мезгілінде, әсіресе, күннің екінші жартысында қар еріп, беткейлерден тез сырғыған кезде аса сақ болыңыз.
- Көшкін қауіпі бар аймақтан өткенде айқайлауға, шулауға болмайды.
- Көшкін қауіпі бар аймақтан өткенде жалғыз, рюкзакты бір жақ бауымен көтеріп, абайлап өтіңіз.
- Қалың қар жамылған беткейлерге жақын демалуға және лагерлік шатыр қойып тоқталмаңыз.
- Қар көшкіні түскен кезде, оның жолынан кетіп, рельеф, жартаст астына тығылыңыз.
- Тауға ешқашан жалғыз бармаңыз! Топпен бір уақытта қатерде қалмауға жағдай жасаңыз!



Қар көшкіні қауіпі бар аймақтар бойынша қауіпсіздік шаралары:

- Көшкін қауіпі бар беткейден өтуге тыйым салынады.
- Күннен шағылысқан беткейлердің етегінде, тар жолдарда тоқтауға болмайды.

- Қатты дауыстап сөйлеуге, сондай-ақ беткейде тегіс немесе ұсақ қар түйіршіктерінен жинақталған жерлерге із қалдыруға болмайды.
- Тас құлайтын науаларды, бос тұрақсыз үйінді, сырғыма жолдарды басуға болмайды.
- Еш уақытта ауа райының бұзылуы кезінде, тез арада жылынғанда, қысым түскенде, тұманда, қар түскен соң, бұрқасын мен қатты жел соққанда көшкін қауіпі бар жолға шығуға болмайды.
- Нашар көрінетін кезде, беткейде қар қалыңдығы 30 см және одан да жоғары болғанда, жауын-шашын жауғанда, қатты жел тұрғанда, бұрқасын соққанда, температура кенеттен төмендегенде көшкін қауіпі бар аймақтан тез арада кету керек.
- Көктемде шуақты күндерде көшкін қауіпі бар аймаққа түскі сағат 12.00-ден кейін бармау керек.
- **Есте сақтаңыздар:** Көшкін кезеңінің ұзақтығы тауларда қардың барына және жиналу кезеңіне сәйкес болады. Көшкінің ең белсенді уақыты көктем мезгілі болып саналады, абай болыңыздар!

Болжам тиімділігі, алдын алу шаралары. Қар көшкіні – таулы аймақтарда болатын қардың, тастың көшкіні. Бұл құбылыс көбіне көлдерде судың толуынан, мұздардың еруінен болады. Қар мен мұз еріп, олар төмен қарай ағады. Ағынның биіктігі 10-20 метрге дейін (кей жағдайларда 40-50 метрге дейін), ағу жылдамдығы 3-5 м/с. Көшкінің астында қалғандардың тірі қалуы мүмкін емес, сондықтан абай болу қажет.

Республикамызда қауіпті 300 орын тіркеуге алынған, ол жерлерде 600-ден көп әртүрлі жағдайлар болған. Қар көшкіні жағдайлары шамамен 80%, мұз еруінен 15% және қар еруі мен жер сілкінісінен 5% болады.

Қазақстанның ең қауіпті таулы аймақтары болып Жоңғар, Талас, Іле Алатауы, сондай-ақ Қаратау, Кетмен, Тарбағатай таулары саналады.

Көшкіндер құлама тау беткейінен көбінесе 20 – 60 градуспен қар көшкіні қар жаңа жауған кезде және күн күрт жылынғанда пайда болады. Көшкін тауда жиі болуынан, циклондық құбылыс күшейетін наурыз – сәуір айында көбірек болады. Сирек қайталанатын көшкінің көлемі 1 млн. текше метрге, қозғалысының ең үлкен жылдамдығы 100 м/с дейін жетеді. Барлық көшкіндердің 50 пайызға жуығы жазыққа жетіп, халық пен шаруашылық нысандарына тікелей қауіп төндірмейді. Көшкінің кедергіге көрсететін қысымы 1 шаршы метр үшін бірнеше жүз тоннаға жетуі керек.

Қазақстанның бүкіл таулы аудандарында қар көшкіні болып тұрады. Ол негізінен қардың түсуі мен күннің жылынуына байланысты. Қар көшкіні болатын ең қауіпті кезең қараша – сәуір, биік тауда қазан – мамыр айларында.

Қар көшкіні – адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, экономика нысандарына және қоршаған табиғи ортаға шығын келтіретін, жылдам әрі кенеттен болатын қардың және (немесе) мұздың таудың тік баурайымен қозғалуы.



Қар көшкініне қарсы қорғаныс — қар көшкіні тектес процестердің тууының алдын алуға бағытталған, сондай-ақ атқарушы билік немесе өзін-өзі басқару органдарын және халықты қар көшкіні қауіпі туралы дер кезінде хабарландыруға бағытталған күзету – шектеулі және инженерлік-техникалық іс-шаралардың жиынтығы.

Қар көшкініне тап болған кездегі өзін-өзі құтқару әдістері:

1. Көшкін сырғыған жағдайда, жүктерді лақтырып тастап, бірінші кезекте мұзұрғыштан, қапшықтан, шаңғы мен таяқтан босаныңыз;
2. Көшкінің шетіне шығуға талпынып, негізгі қар массасын өзіңізден өткізіп жіберіңіз;
3. Шаң тәріздес көшкінге тап болған жағдайда, одан тұншығып қалмас үшін ауыз бен мұрынды бас киіммен жабу керек;
4. Қолдан келген барлық әдіспен аяқ-қолды қозғалта отырып, үстіңгі бетте қалуға тырысыңыз.



Егер көшкін басыңыздан жоғары басып қалса, ол тоқтағанға дейін тізені ішке бүгіп, басты қозғалту арқылы демалу үшін беттің төңірегін үлкен кеңістік жасауға тырысыңыз; көшкін тоқтағаннан кейін төменгі жақ пен үстіңгі беттің қайда екендігін анықтап, қолмен ауыздың төңірегіндегі кеңістікті кеңейтіп, сілекейді түкіріп тастаңыз; көшкін кезінде айқайлау пайдасыз, бұл тек күш пен ауа қорын шығын қылады, егер құтқарушылардың қадамы естілсе ғана айқайлауға болады. Сабырлық сақтап, ұйқымен күресіңіз. Тыныс алу үшін қажетті ауаның қар арасынан өтетіндігін есте сақтаңыз.

Қар көшкіні басып қалған адамды іздеу кезіндегі қажетті іс-әрекет:

1. Көшкінің қайталану қауіпінің жоқтығына көз жеткізу. Бір адамды беткейдің үстіңгі бөлігін қарау үшін қалдыру, көшкіндегі жолдасының жоғалуы нүктесін тез белгілеу.
2. Зардап шегушіні табу немесе іздеу үшін бағдар беруі мүмкін қандай да бір затты табу үмітімен осы нүктеден төмен көшкін конусын мұқият қарау. Көмілген адамның, әдетте, жоғалу нүктесі мен оның жарықтарының аса жеңіл заттары жатқан жердің арасында болатындығын есте ұстау керек.



3. Көшкін бауын немесе сақтандыру арқанын тапқан кезде зардап шегушіні табу қиынға соқпайды. Ең бірінші кезекте қардан оның басын босатып, содан кейін ғана алғашқы дәрігерлік көмек көрсету қажет.
4. Егер зардап шегушіні өз күштеріңізбен табу мүмкіндік болмаса, құтқару отрядын шақыру қажет. Оған қатысушылар күрделі ауа райы жағдайындағы ұзақ жұмысқа дайын болуға тиіс.
5. Егер бақытсыздың тікелей куәгері жоқ болса, зардап шегушінің жатқан жерін тау бедерінің нысанына, көшкін түріне, оның сырғу бағытына қарай анықтайды. Тік құлама беткейде бірінші кезекте жайпақ учаскелерде көшкін жылдамдығы баяулайтындықтан қашатты тексереді және онда қар көп қалады. Егер көшкін жолында жекелеген ағаш, жартастың ұшы, жол кездесе, зардап шегушіге осы кедергілерге аялдауға болады.
6. Қозғалыс жылдамдығы 160 км/с асатын құрғақ үлпілдек қар көшкініне тап болған адамды шетке лақтыруы мүмкін. Мұндай жағдайда көшкін конусы алдындағы едәуір кеңістікті қарау қажет.
7. Аймақты анықтағаннан кейін бағдарлауға көшеді. Көшкін бұрғысы серпилмелі металл шеңберінен тұратын бірнеше бұралмалы секциядан тұрады.
8. Құтқарушылар бір-бірімен аралық сақтап беткейге қарсы тұрып, бұрғыны қарға 3 м тереңдікке енгізеді. Содан соң беткейдің үстімен 10 см жоғары көтеріліп оны бағыт бойынша іздеуді қайта жалғастырады. Зардап шегушіні осындай әдіспен жылдам табу ықтималдығы – 0%.
9. Екі мәрте сәтсіз бағдарлаудан кетіп әрбір 25 см арқылы мұқият тексеруге кіріседі. Бұл кезде құтқарушылардың аралығы 30 см болуға тиіс. Егер бұрғы қардың қалыңдығынан топыраққа жетпесе, бойлама траншея қазу қажет (беткей бойынша төменнен жоғары).
10. Іздеу жұмыстары зардап шегуші табылғанға дейін жүргізіледі. Жатқан жерін анықтаған бойда қазу басталады. Әуелі жылдам қазуға болады, кейін күрепкен денені жарақаттамау үшін сақтық жасаған дұрыс.

Н. ШОЖИКОВА,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ ОАПТБ филиалы
КҚМЖҚБ басшысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5545 дана
Апталық таралым 11 090 дана

Тапсырыс №181 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31